$$M_1 = \frac{385}{30} = 12,83; M_2 = \frac{458}{30} = 15,27; \sigma_2^2 = 1,34^2 = 1,7956; \sigma_1^2 = 1,18^2 = 1,3924;$$

Эмприкалық мәні:


$$t_{эпм} = \frac{|M_1 - M_2|}{\sqrt{\frac{\sigma_1^2}{n_1} - \frac{\sigma_2^2}{n_2}}} = \frac{|12,83 - 15,27|}{\sqrt{\frac{1,7956}{30} - \frac{1,3924}{30}}} = 20,87$$

Еріктілік дәрежесі:

$$df = (n_1 + n_2) - 2 = 58$$

Стъденттің t-критерийінің кестесінен біріктілік дәрежесі 29 және $p=0.05$, $p=0.01$ мәндеріне сәйкес $t_{1kp}=2,002$ және $t_{2kp}=2,664$ кризистік мәндерін аламыз.

$$t_{kp} = \begin{cases} 2,002, & \text{егер } p \leq 0,05 \\ 2,664, & \text{егер } p \leq 0,01 \end{cases}$$



Сурет 3.

Суретте көрсетілгендей, $t_{\text{ЭПМ}}$ мәнділік аймақта болғандықтан, екі топ оқушыларының нәтижесінде жоғары статистикалық деңгейдегі мәнді айырмашылық бар екенін көрсетеді. Демек эксперимент тобының білім деңгейі бақылау тобына қарағанда көрнекті жоғарлаған.

Талқылау нәтижелері

Зерттеу жұмысының ерекшеліктері:

- Математиканы оқыту барысында оқушылардың логикалық ой-қорытуын қалыптастыру;
- Оқушылардың алған білімін өмірінде тәжірибелік тұрғыда қолдануға дағдыландыру.

Қорытынды

Зерттеуімізді қорытындылай келе, Ньютон есептеріне қатысты логикалық байланысы бар есептерді топтастырып, оқушылардың ұқсас емес есептер арасындағы байланысын таба алу қабілетін жетілдірсек, онда логикалық қиындатылған есептерді шешу оңай болады, әрі оқушылардың логикалық ойлау қабілеті жоғарылап, күрделі есептерді өздігінен шеше алады. Оқушылардың шығармашылық дағдысын қалыптастырып, жеке тұлға болып қалыптасуына мүмкіндік береді. Ұсынылып отырған әдіс-тәсілдерді оқушылардың логикалық қиындатылған есептерді шешуде, жас математик мамандардың оқушыларды олимпиадаға дайындауында қолданса, үлкен жетістіктерге жетуіне болады деген сенімдеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қалалық Жәутіков олимпиадасы (2004), 9 сынып. <http://matol.kz/olympiads/321?lang=kz>
- 2 Iskakova M., Toleugaliyeva S., (2022) Introduction to Solving Logical Problems in General Education Schools, Journal of Positive School Psychology, Vol. 6, No. 3, 7049–7053 <https://journalppw.com/index.php/jpsp/article/view/4272>
- 3 Moshkalov, A.K., Iskakova, M.T., Maikotov, M.N., ...Salgozha, I.T., Darkhanbaeyeva, G.S. (2014) Ways to improve the information culture of students. Life Science Journal, 11 (SPEC. ISSUE 8), 340–343. <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56184543900>
- 4 Iskakova M, Adilbekov Y., (2013) Solving problems on the teaching methods of linear algebra through technology platform dot.net European Scientific Journal edition vol.9, No.36 ISSN: 1857-7881 (Print) e-ISSN 1857-7431 page 127-131. <https://eujournal.org/index.php/esj/article/download/2217/2101>
- 5 Iskakova M, Adilbekov Y., (2013) Teaching Methods Liner Algebra Problems Through Technology Platform Dot.Net / Eastern European Scientific Journal DOI 10.12851/EESJ Page 104-107. <https://elibrary.ru/contents.asp?id=34074691>
- 6 Искакова М.Т., Кутумбаева А.Б., (2014) Оқушыларды есеп шығарғанда стандартты емес тәсілдермен шығарту дамытудың кепілі / Хабаршы №1 (45) Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, «Физика-математика ғылымдары» сериясы. <http://sp.kaznpu.kz/kz/series/1/>
- 7 Искакова М.Т., Нурбаева Д.М. (2015) ЖОО-да математик-студенттердің танымдық дербесыгін дамыту туралы мәселелер. Мектепте және педвузда математиканы оқытудың өзекті мәселелері. 25-жазылым. Москва, 255-260 бб. <https://elibrary.ru/item.asp?id=24173932>
- 8 Искакова М.Т., (2014) Математика. – Семей: "Intellect".
- 9 Искакова М.Т.,(2015) Орта мектепте математиканы тереңдетіп оқыту мәселелері / "Әлемдік ақпараттық білім беру кеңістігі бәсекеге қабілетті ұстаз қолында» атты жас ғалымдар арасында республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы, 443-447. <https://emirb.org/bibliografiyali.html?page=5>
- 10 Искакова М.Т.,(2020) Жалпы білім беретін мектепте логикалық есептерді шешуге баулу// Хабаршы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, «Физика-математика ғылымдары» сериясы. - №1 (69).. 92-96 Б. <https://bulletin-phmath.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/207>
- 11 Искакова М.Т., (2019) Орта мектепте оқушыларды математикалық есептерді стандартты емес тәсілдермен шығартуға үйрету мәселелері // «Білім беру жүйесін модернизациялау: тенденциялар, проблемалар және перспективалар» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. 19 қазан 2019ж. 379-382 бб. <https://www.kaznu.kz/content/files/pages/folder21017/%D0%A1%D0%B1%D0%BE%D1%80%D0%BD%D0%B8%D0%BA%20%D0%A3%D0%B7%D0%B0%D0%BA%D0%B1%D0%B0%D0%B5%D0%B2%D0%BE%D0%B9%20%D0%A1%D0%90.pdf>
- 13 Искакова М.Т., (2019) Комбинаторлық есептерді стандартты емес тәсілдермен шығарту мәселелері/ «Ізденіс» халықаралық ғылыми-педагогикалық журнал «Қазақстан жоғары мектебі» журналының ғылыми қосымшасы №4, 203-205бб.

14 Искакова М.Т., (2020) Арифметикалық прогрессияның алғашқы n мүшесінің қосындысын табудың тиімді жолы/ Педагогика және Психология. №3, 182-187 бб. <https://journal-pedpsy.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/105/373>

References:

- 1 Qalalyq Jautykov olimpiadacy ((2004), 9 сынып. <http://matol.kz/olympiads/321?lang=kz>
- 2 Iskakova M., Toleugaliyeva S., (2022) Introduction to Solving Logical Problems in General Education Schools, Journal of Positive School Psychology 2022, Vol. 6, No. 3, 7049–7053 <https://journalppw.com/index.php/jpsp/article/view/4272>
- 3 Moshkalov, A.K., Iskakova, M.T., Maikotov, M.N., ...Salgozha, I.T., Darkhanbaeyeva, G.S. (2014) Ways to improve the information culture of students. Life Science Journal, 11 (SPEC. ISSUE 8), 340–343. <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56184543900>
- 4 Iskakova M, Adilbekov Y., (2013) Solving problems on the teaching methods of linear algebra through technology platform dot.net European Scientific Journal edition vol.9, No.36 ISSN: 1857-7881 (Print) e-ISSN 1857-7431 page 127-131. <https://eujournal.org/index.php/esj/article/download/2217/2101>
- 5 Iskakova M, Adilbekov Y., (2013) Teaching Methods Liner Algebra Problems Through Technology Platform Dot.Net / Eastern European Scientific Journal DOI 10.12851/EESJ Page 104-107. <https://elibrary.ru/contents.asp?id=34074691>
- 6 Iskakova M.T., Kutumbaeva A.B., (2014) Oqushylardy esep shygarganda standartty emes tasildermen damytudyn kepili / Habarshy №1 (45) Abai atyndagy Qazaq ulttyq pedagogikalıyq universiteti, "Fızıka-matematika gylımdary" serıasy. <http://sp.kaznpu.kz/kz/series/1/>
- 7 Iskakova M.T., Nurbaeva D., Pedagogikalıyq (2015) JOO-da matematik-studentterdin tanyndyq derbestigin damytu turaly maselege qatysty. Mektepte jane pedvuzada matematikany oqytudyn ozekti maseleleri. 25-shy garylym.-Moskwa, 255-260. <https://elibrary.ru/item.asp?id=24173932>
- 8 Iskakova, M.T., (2014) Matematika. – Semey: "Intellect", 212.
- 9 Iskakova M.T.,(2015) Orta mektepte matematikany terendetip oqyty maseleleri/"Alemdik aqparattyq bilim beru kenistigi basekege qabiletti ustaz qolynda" atty jas galymdar arasynda respublikalyq gylımi-praktikalıyq konferensia materialdary. – Almaty, 443-447. <https://emirb.org/bibliografıyali.html?page=5>
- 10 Iskakova M.T., (2020) Jalpi bilim beretin mektepte logikalıq esepтерdi scheschuge baulu// Xabarschy Abay atındagy Qazaq ulttyq pedagogikalıyq universiteti, «Fızıka-matematika gıımdarı» serıyası. №1 (69)., 92-96 B. <https://bulletin-phmath.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/207>
- 11 Iskakova M.T., (2019) Orta mektepte okuschlardy matemetikalik esepтерdi standartty emes tasildermen schgartuga uiretu maseleleri // «Bilim beru juiesin moderniziasalau: tendensialar, problemalar jane perspektivalar» atti halykaralik gilimi-praktikalik konferensia. 19 kazan 2019j. 379-382 бб.
- 12 <https://www.kaznu.kz/content/files/pages/folder21017/%D0%A1%D0%B1%D0%BE%D1%80%D0%BD%D0%B8%D0%BA%20%D0%A3%D0%B7%D0%B0%D0%BA%D0%B1%D0%B0%D0%B5%D0%B2%D0%BE%D0%B9%20%D0%A1%D0%90.pdf>
- 13 Iskakova M.T., (2019) Kombinatorlik esepтерdi standartty emes tasildermen schigartu maseleleri / «Izdenis» halikaralik gilimi-pedagogikalik jurnal gilimi kosimschasi №4, 203-205бб.
- 14 Iskakova M.T. (2020) Arifmetikalik progressianin algaschki n muschesinin kosindisin tabudin timdi joli / Pedagogica jane Phsicologia. №3, 182-187 бб. <https://journal-pedpsy.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/105/373>

УДК 371.32
МРНТИ 14.07.09

<https://doi.org/10.51889/2959-5894.2023.81.1.009>

А.К. Койшыбекова^{1*}, С.М. Сеитова¹, Г.П. Мажипбаева²

¹ *І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ., Қазақстан*

² *Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті Алматы қ., Қазақстан*

*e-mail: aizhankym@inbox.ru

ЖОО-ДА МАТЕМАТИКАЛЫҚ ПӘНДЕРДЕН ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ ЖЕТІЛДІРУ

Аңдатпа

Мақалада математика сабағында ұйымдастырылатын өзіндік жұмыс түрлерінің маңызы, білімгерлердің шығармашылық белсенділігін арттыру жолдары, математика сабағын тиімді де, сапалы өткізу бағыттары туралы сөз қозғалған және өзіндік жұмыс оқытудың бір тәсілі ретінде сипаттама берілген. Алдымен оқытуды ұйымдастыру, содан кейін оқыту процесі ретінде ойластырылған өзіндік жұмыс білімді игеру мен тұрақты дамуға қол жеткізу үшін өте маңызды, әсіресе олардың жеке тұлғаны қалыптастырушы және оның трансформациялық тұжырымдамасы негізінде. Зерттеудің мақсаты ЖОО-дағы математикалық пәндер бойынша өзіндік жұмысты ұйымдастыруды жетілдіру жолдарын анықтау, оның теориялық негіздемесі және оның әдістемелік жүйесін әзірлеу болды. Автор іс жүзінде пайдаланып жүрген жұмыс түрлерін көрсете отырып, олардың қазіргі уақытта, оқу процесіндегі өзектілігін дәлелдеген. Өзіндік жұмыс түрлерінің жеке тұлғаға бағытталуына ерекше көңіл бөлінген. Жүргізілген теориялық зерттеу негізінде мақалада «педагогикалық өздігінен білім алу» ұғымы тұжырымдалған, өздігінен білім алу үшін педагогтың ақпараттық және зерттеу қызметінің негіздерін меңгеруі қажет екендігі туралы қорытынды негізделген.

Түйін сөздер: өзіндік жұмыс, өздігінен білім алуға білімгерлерді дайындау, математика.

Аннотация

А.К. Койшыбекова¹, С.М. Сеитова¹, Г.П. Мажипбаева²

¹ *Жетісуский университет имени И. Жансугурова, г. Талдықорған, Казахстан*

² *Казахский национальный женский педагогический университет, г. Алматы, Казахстан*

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ОРГАНИЗАЦИИ САМОСТОЯТЕЛЬНЫХ РАБОТ ПО МАТЕМАТИЧЕСКИМ ДИСЦИПЛИНАМ В ВУЗЕ

В статье речь идет о значении видов самостоятельной работы, организуемых на уроке математики, о путях повышения творческой активности обучающихся, о направлениях эффективного и качественного проведения урока математики и дается характеристика самостоятельной работы как одного из способов обучения. Самостоятельная работа, задуманная сначала как организация обучения, а затем как процесс обучения, имеет решающее значение для приобретения знаний и достижения устойчивого развития, особенно на основе их формирующей личности и ее преобразующей концепции. Целью исследования было выявление путей совершенствования организации самостоятельной работы по математическим дисциплинам в вузе, его теоретическое обоснование и разработка методической системы. Автор доказал их актуальность в настоящее время, в учебном процессе, указав виды работ, которые он использует на практике. Особое внимание уделяется личностной направленности видов самостоятельной работы. На основе проведенного теоретического исследования в статье сформулировано понятие "педагогическое самообразование", обоснован вывод о том, что для самообразования педагогу необходимо овладеть основами информационно-исследовательской деятельности.

Ключевые слова: самостоятельная работа, подготовка обучающихся к самообразованию, математика.

Abstract

IN THE FORMATION OF EDUCATIONAL SKILLS OF FUTURE TEACHERS IMPROVING THE ORGANIZATION OF INDEPENDENT WORK

Koishybekova A.K.¹, Seitova S.M.¹, Mazhibayeva G.P.²

¹ *Zhetysu University named after I. Zhansugurov, Taldykorgan, Kazakhstan*

² *Kazakh National Women's Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

The article deals with the importance of the types of independent work organized in a math lesson, the ways to increase the creative activity of students, the directions of effective and high-quality math lesson and gives a description of independent work as one of the ways of learning. Independent work, conceived first as an organization of learning and

then as a learning process, is crucial for acquiring knowledge and achieving sustainable development, especially on the basis of their formative personality and its transformative concept. The purpose of the study was to identify ways to improve the organization of independent work in mathematical disciplines at the university, its theoretical justification and the development of a methodological system. The author proved their relevance at the present time, in the educational process, indicating the types of work that he uses in practice. Special attention is paid to the personal orientation of the types of independent work. Based on the conducted theoretical research, the article formulates the concept of "pedagogical self-education", substantiates the conclusion that for self-education, a teacher needs to master the basics of information and research activities.

Keywords: independent work, preparation of students for self-education, mathematics.

Кіріспе

Заман талабына сай кәсіби маман даярлау мәселесі бүгінгі таңда **өзекті**. Кәсібіне сай сапалы білім алған маман сұранысқа ие. Жаңа мыңжылдықтың басталуымен барлық елдерде мұғалімдерді, кәсіби-педагогикалық кадрларды даярлаудың жаңа толқыны байқалды.

Қазіргі уақытта елімізде болып жатқан жоғары білім беру реформасы оқыту парадигмасынан білім беру парадигмасына көшумен байланысты. Бұрын жоғары кәсіптік білімге негізделді, оған сәйкес білім берудің жалпы мақсаттары білім, білік және дағдыларды қалыптастыру болды. «Қазақстан-2050: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Стратегиясында басты мақсат ретінде: «2050 жылға қарай күшті мемлекет, дамыған экономика және жалпыға ортақ еңбек мүмкіндіктері негізінде берекелі қоғам құру» [1].

Сонымен қатар, басты назар білімді игеруге аударылды. Бұл тәсілмен студенттер үлкен білім базасын алды, бірақ қажетті практикалық дағдыларды ала алмады. Бұл парадигма білім берудің жүйелік-белсенді тәсілімен алмастырылады, оны басқаша «құзыреттілік тәсіл» деп атайды [2;10]. Осы тәсіл негізінде кәсіби білім берудің негізгі міндеті- кез-келген кәсіби тапсырманы шешудің оңтайлы тәсілдері мен әдістерін таба алатын, белгілі бір кәсіби қызметті бағалау және талдау үшін өзінің білімін, дағдыларын мен дағдыларын, бейімділігін, сондай-ақ жеке қасиеттерін пайдалануға дайын және қабілетті құзыретті тұлғаны қалыптастыру [3;1005].

Бұл мәселені шешу аудиториялық сабақтар барысында оқытушыдан студентке білімді дайын түрде беру арқылы ғана мүмкін емес. Сондықтан көп уақытты студенттердің белсенді өзіндік жұмысына бөлген жөн. Өзіндік жұмыс кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға ықпал етіп қана қоймайды, сонымен қатар әдістемелік жетілу процесін және білім беру қызметін өзін-өзі бақылауды қамтамасыз етеді. Бұл әсіресе маңызды, өйткені ол болашақ маманның өзін-өзі дамытуға, өз әрекеттерін жобалауға және түрлендіруге қабілетті кәсіби қызметтің субъектісі ретінде қалыптасуын қамтиды [4;4].

Тәжірибиеге сүйенсек, білімгердің өзі белсенді жұмыс істеген кезде ғана жаңа білімді тану және игеру процесі тиімді болады. Оқыту процесінде ұйымдастырылатын өзіндік жұмыс-білімгерлерді жұмысқа белсенді жұмылдырудың бір тәсілі.

Білімгерлердің өзіндік жұмысын ұйымдастыруды қалыптастыру теориясы мен әдістемелік негіздері ғалым-педагогтардың зерттеулерінде қарастырылған. Г.И.Щукина, В.В.Давыдов, П.И.Пидкасистый сияқты ғалымдар өзіндік жұмысты, танымдық тұрғыдан зерттеді [5;3].

Бұл саладағы тағы бір маңызды жұмыс-Philip H. Winne, in International Encyclopedia of the Social & Behavioral Sciences (Second Edition), 2015 жылы шыққан «Self-Regulated Learning: An Overview». Автор өздігінен оқыту теориясын және оны математикалық оқыту контекстінде қолдануды егжей-тегжейлі қарастырады. Ол сонымен қатар білімгерлерге өздігінен жұмыс жасауда тиімді болуға көмектесетін әдістер мен стратегияларды ұсынады [6, 535].

Сол сияқты 2008 жылы «Mathematics Education Research Journal» журналында жарияланған Брайан Хенри мен Марк Лондонның «promoting Student self-Regulation in Problem and Project Based Learning» (проблемалық-жобалық оқытуда білімгерлерді өздігінен жұмыс жасауға ынталандыру) мақаласы [7, 345]. Авторлар білімгерлерге математикалық оқыту контекстінде есептерді шығару мен жобаларды орындау процесінде тәуелсіз және тиімді болуға көмектесетін әдістерді ұсынады. Себебі, өзіндік жұмыстың басты құндылығы білімгердің ақыл-ой, интеллектуалдық, практикалық және ұйымдастырушылық әрекеттері басым болуын қалыптастырады. Дегенмен, ғалымдардың зерттеулеріне қарамастан, әліде шешуді қажет ететін көптеген сұрақтар бар.

Қазіргі білімгерлер тек оқытушының сүйемелдеуімен жаңа білім алуға үйренуге міндетті емес. Сонымен қатар, олар шығармашылық және креативті тәсілдерді қолдана отырып, оқу тапсырмаларын орындау барысында бастамашылық таныту арқылы практикалық қызметте теориялық білімді өз бетінше қолдануға міндетті. Білімгерлердің өзіндік жұмысын ұйымдастыруда

оқытушы тарапынан бағыт-бағдар беру сияқты педагогикалық көмекте қажет. Сондықтан, егер оқытушы жоспарлауды, ұйымдастыруды, бақылауды жүйелі түрде жүзеге асырса, күтілетін оң нәтиже алынады.

«Математика» пәні оқуда ақыл-ой белсенділігіне ерекше көңіл бөлінетін, жалпылаудың жоғары дәрежесі болып саналатын, абстрактілі ойлау дағдыларын қажет ететін пәндердің бірі. Алайда, математиканы оқу процесінде білімгерлердің жаңа материалды игеруінің бірден жоғары деңгейіне жету қиыншылық тудырады. Жаңа білімді игерудің даралығы жаппай оқытуға қайшы келеді, бұл оқытушының әр білімгердің одан әрі дамуы үшін сабақтарда жаңа, оңтайлы жағдайларды іздеуге және құруға мәжбүр етеді. Математика пәндері бойынша ұйымдастырылатын өзіндік жұмыстарға қойылатын негізгі талаптар:

- оқытушының нақты тұжырымдалған тапсырмасының болуы;
- білімгерлердің дербестігінің қамтамасыздандырылуы;
- оқытушының бағыт-бағдар беруге дайындығы;
- оқытушының тікелей қатысуынсыз тапсырманы орындау;
- білімгерлердің белсенділігі мен күш-жігері;
- тапсырманы орындау үшін арнайы уақыттың бөлінуі [8;408].

Оқытушы іс жүзінде тапсырманы орындауға қатыспайды, бірақ ол іс-әрекетті ұйымдастырады. Өзіндік жұмыс әрқашан қандай да бір нәтижелермен аяқталады, өйткені білімгер оларға өз бетінше келеді. Нәтижелердің құндылығы мен маңыздылығы оқытушы мен білімгердің бірлескен іс-әрекетінде қол жеткізгенмен салыстыра келгенде деңгейі әртүрлі болады. Жұмыстың нәтижесінде әрдайым білім деңгейі ғана емес, сонымен қатар, білімгердің дербестігі, оның қызметінің жеке стилі, шығармашылық және стандартты емес ойлау тәсілі анықталады. Тапсырманың сәтті орындалуы білімгердің ерік-жігерінің дамуына, іс-әрекеттерін өзін-өзі реттеу дағдыларына байланысты [9;142].

ЖОО-да білім беру жүйесі тек пәндік білімді ғана емес, сонымен қатар функционалдық сауаттылық пен кәсіби құзыреттілікті дамытуға да бағытталуда. Дегенмен қажетті деңгейге жету үшін көптеген жұмыстар жасалуы керек. Сондықтан, ЖОО-да білім алу барысында білімгерлер өзіндік жұмыстың тақырыбына сай мән мағынасын ұғынып, өзіндік жұмыстарды дұрыс ұйымдастыра білуге, өзіндік зерттеуге, шығармашылық қабілетін дамытуға, жұмысты әділ бағалай білуге үйренуі қажет.

Демек, білімгерлерді өз бетінше білім алуға дайындау қажеттілігі өзекті мәселенің бірі. Олай болса, біздің **мақсатымыз:** ЖОО-да жүрізілетін өзіндік жұмыстарды ұйымдастыруды жетілдіру.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Жоғары оқу орындарында білім сапасын арттыру аспектілерінің бірі білімгерлердің белсенділігін және өздігінен білім алуға деген икемдігін арттыруға себеп болатын іс-әрекет, ол пәндер бойынша ұйымдастырылатын өзіндік жұмыстар. Сол себепті, білімгерлердің танымдық дербестіктерінің сапасын жоғарылататын ақпараттық оқыту технологияларын қолдану негізінде ұйымдастырылған өзіндік жұмыстардың да білім сапасын арттыруда өзіндік орны бар. Оқытудағы сараланған тәсіл білімгерлердің негізгі білімді игеруіне әсер етеді. Оқу-тәрбие процесінде білімгердің жеке ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастыру сапалы білім беру кепілі [10;426].

Бір топтағы білімгерлердің оқыту материалдарын игеруі әртүрлі деңгейлерде жүреді, дегенмен математиканы оқыту процесінде мемлекеттік білім беру стандарттары мен оқу бағдарламалары математикалық дайындықтың негізгі, міндетті деңгейін белгілейді.

Математиканы оқытуда даралау және саралау процесінде білімгерлердің өзіндік жұмысы маңызды рөл атқарады. Жоғары білім беру жүйесін дамытудың жалпы әлемдік тенденциясы білімгердің оқу процесіндегі рөлін арттыруға бағытталған [11;1092]. Білімгер оқытушының басшылығымен немесе оның тікелей қатысуынсыз өзінің жеке ерекшеліктері мен танымдық қызығушылықтарын ескере отырып, аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтарда оқу қызметін жүзеге асырады. Оқытушы білімгерлердің өзіндік жұмысының мазмұнын, формаларын, көлемін және әдістерін жұмыс бағдарламасы және математика бойынша білімгерлердің дайындық дәрежесі негізінде анықтайды.

Білімгерлердің өзіндік жұмысы дәріс, практикалық, зертханалық және басқа да оқу сабақтарымен қатар олардың белсенді қызметінің бір түрі болып табылады. Өзіндік жұмыс үлкен дидактикалық әлеуетке ие, өйткені оның барысында оқу материалын игеру ғана емес, сонымен қатар оны кеңейту, әртүрлі ақпарат түрлерімен жұмыс істеу қабілетін қалыптастырады [12; 82]. Білімгерлердің өзіндік жұмысы көп қырлы:

- әр түрлі сабақтарға дайындық: дәріс, практикалық, зертханалық, коллоквиум және т. б;

- бақылаудың әртүрлі түрлеріне дайындық (ағымдағы, аралық, қорытынды және т.б.);
- тапсырмаларды орындау және аудиториялық сабақтар кезінде, одан тыс уақытта әр түрлі деңгейдегі жаттығуларды орындау (диагностикалық бақылау жұмыстарын, үй тапсырмаларын орындау, курстық және дипломдық жобалар және т. б.);

- әр түрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеу (электронды оқулықтармен, оқу-әдістемелік құралдармен, интернеттен ақпарат іздеу, талдау, сайттар және т. б.);

- берілген тақырыпқа рефераттар, баяндамалар дайындау, конспектілер жазу және т. б. [13;1032].

Білімгерлермен ұйымдастырылатын өзіндік жұмыстың екі түрі бар:

1. Аудиториялық сабақтар кезінде ұйымдастырылатын өзіндік жұмыс (дәрістерде, практикалық, зертханалық сабақтар және т. б.).

2. Білімгерлермен әр түрлі сипаттағы және қиындық деңгейіндегі тапсырмаларды орындауындағы аудиториядан тыс ұйымдастырылатын өзіндік жұмыс.

Білім беру стандартының талаптарын орындауды ескере отырып, білімгерлердің өзіндік жұмысын сәтті және тиімді ұйымдастыру үшін бірқатар талаптарды орындау қажет. Өзіндік жұмысты ұйымдастыруды жетілдіру бағытындағы жүргізілген зерттеуді төмендегі ретпен бастадық:

- философиялық, әлеуметтанушылық, психологиялық, педагогикалық және математикалық ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау, жинақтау, нақтылау, салыстыру;

- бақылау, сауалнама, тест, диагностикалау, математикалық статистикалық, эксперимент және алынған нәтижелерді сапалық және сандық тұрғыда сараптау әдістерін пайдаландық.

Сондықтан, математикалық пәндерден ұйымдастырылатын өзіндік жұмыс тасырмалары төмендегі талаптарға сай болуы керек деген тұжырымға келдік, яғни

- мұндағы бақылау тапсырмаларының өзіндік жұмыстың мазмұны мен көлеміне тең болуы;

- білім деңгейін толық тексеруді қамтамасыз етуге бағытталуы ;

- бақылау тапсырмалары білімгерлерді ынталандыруы,

- оларға жалпы дайындықтағы прогресті көрсетуге мүмкіндік беруі керек.

Өз тәжірибемізде қолданып, нәтижелі болған өзіндік жұмыстарды ұйымдастырудың келесі түрлерін атап өткім келеді: тестік сауалнамалар, экспресс диктант, сауалнама-эстафета, эсселер, рефераттар, «жоба әдісі».

Нәтижелер мен талқылаулар

Өздігінен білім алу іс-әрекеті туралы әртүрлі психологиялық, педагогикалық, математикалық әдебиеттерді, ғалымдардың еңбектерін талдап, сараптай келе біз білімгердің өздігінен білім алуы - оның өздігінен жүзеге асыратын репродуктивті-өнімді сипаттағы жүйелі танымдық қызметі деген қорытындыға келдік.

Зерттеулерді негізге ала сараптай отырып, білімгерлердің өздігінен білім алу іс-әрекетін ұйымдастыруды заманауи талаптарға сай жетілдірудің қажеттілігінің туындағанын көрдік. Жиырмасыншы ғасырдың 70-ші жылдары П.И. Пидкасистый мен В.И. Коротяев өз зерттеулері бойынша өзіндік жұмысқа байланысты мынадай тұжырым жасаған: «өзіндік жұмыс жаңа заңдылықтарды ашуға, яғни шығармашылық мәселелерді шешуге бағытталған дербес танымдық қызмет, сондықтан адамның өзіндік танымдық қызметінде зерттеу және ақпараттық қызмет ажыратылады, олардың әрқайсысы мақсатты, шығармашылық сипаттағы тиісті әрекеттерден туындайды» деп [14;16].

Зерттеу барысында өзіндік жұмысты ұйымдастыруды жетілдіруде заманауи технологиялардың мүмкіндіктерін қарастыру үшін, алдымен келесі мәселелерді айқындап алуымыз керек.

Олар:

1. «Өзіндік жұмыс» ұғымының мән мағынасын түсіну;

2. Білімгерлердің өзіндік жұмысын ұйымдастырудағы инновациялық технологиялар.

«Өзіндік жұмыс» ұғымының мән мағынасына үңілсек, ол жеке адамның танымдық, шығармашылық қызметі. Ал, қазіргі заманғы білімгердің жеке басының даму моделі келесі жалпы құзыреттерге бағытталған: қарым-қатынас жасау, топта жұмыс істеу, сыни ойлауға ие болу және т.б. Сондықтан бұл ұғымды заманауи талаптармен үйлестіру қажет. Білімгерлердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру жалпы білім беру дағдыларын, танымдық қабілеттерін дамытуға, теориялық білімді бекітуге, практикалық дағдылардың деңгейін арттыруға бағытталған және өзін-өзі дамытуға ықпал етеді. Осыған сүйене отырып, біз ЖОО-дағы «өзіндік жұмыс» ұғымына енгізетін келесі ережелерді атап өтеміз:

- бұл білім алушылардың әртүрлі жаттығулар мен тапсырмаларды орындау кезінде дербестігін көрсетуі;

- бұл оқытушының тікелей қатысуынсыз орындалатын, бірақ оның тапсырмасы бойынша және оған арнайы бөлінген уақытта орындалатын білімгерлердің белсенді танымдық іс-әрекеті;

- бұл оқытушыдан қосымша оқу тапсырмалары және оларды орындау бойынша әдістемелік нұсқаулар түрінде оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеуді талап ететін оқу қызметінің түрі [15; 3472].

Математикалық пәндер бойынша өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру көлемі жағынан артып келеді.

Қорыта айтқанда, білімгердің ғылыми, өндірістік, қоғамдық міндеттерді өз бетінше шығармашылықпен шеше білуі, өз көзқарасы, сенімі болуы тиіс. Егер ол жүйелі және үнемі толықтырылып, өз білімін өзін-өзі тәрбиелеу арқылы жаңартып отырса, онда оның өзіндік көзқарасы, сенімінің қалыптасуы мүмкін.

Жұмыс бағдарламалары оқытудың кәсіби бағыттылығының талаптарын ескере отырып жасалуы тиіс. Материалды іріктеу және беру әрбір жеке мамандық үшін мемлекеттік білім стандарттарында көрсетілген мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз етуі керек. Білім беру процесінің кәсіби бағыттылығы міндетін қою кезінде білімгерлердің өзіндік жұмысына бөлінетін сағаттардың үлесі ұлғайтылуы тиіс. Білімгерлердің өзіндік жұмысының ұйымдастырылуын, орындалуын және барысын бақылауға және оның сапалы орындалуын ынталандыратын шараларға ерекше назар аудару қажет. Өйткені, өзіндік жұмыс пен жалпы оқытудың тиімділігі көбінесе белсенді жоспарлы және жүйелі бақылауға байланысты. Ал білімгерлердің қазіргі заман талабына сай болуы білімін, білігін және дағдыларын жетілдіруге бағытталған өзіндік жұмысты ұйымдастыру арқылы да қалыптасады.

Жоғары оқу орындарында білімгерлердің өзіндік жұмысы білім беру процесінің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады және негізгі міндеттерді практикалық іске асыруға бағытталады.

Яғни:

- білімгерлерді білім беру бағдарламаларын игеруге ынталандыруды;
- білімгерлердің өз білімі үшін жауапкершілігін дамытуды;
- білімгерлердің жалпы және кәсіби құзыреттерін жетілдіруді;
- білімгерлердің өзін-өзі тәрбиелеу, басқару, қабілетін дамыту үшін жағдай жасауды;
- білімгердің білімінің беріктігі мен сапасын арттыруды;
- білімгердің жаңа білімдерді игеруін;
- білімгердің шығармашылық және сыни ойлауын дамытуды қалыптастырады.

Білімгерлердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру жан-жақты сипатқа ие, өйткені олардың білімді практикада қолдану қабілеті, оның әртүрлі ақпарат көздері бойынша ақпарат іздеу, өңдеу және талдау қабілетімен де тығыз байланысты.

Егер білімгерлердің өзіндік жұмыс түрлері білім беру бағдарламасында, оқу жоспарында және оқу-әдістемелік материалдарда нормативтік-құқықтық көрініс таппаса, білім алушы өзінің оқу және кәсіби мүдделерін іске асыру үшін оқу тапсырмаларын бастамашылық тәртіппен орындауға құқылы.

Сонымен, қандай да бір оқу пәні бойынша жұмыс бағдарламасының мазмұндық бөлігінде өзіндік жұмыс тек «классикалық әдістемемен» (оқулықпен, нормативтік-құқықтық құжаттамамен жұмыс, бақылау сұрақтарына жауаптар және т.б.) ғана емес, сонымен қатар «жаңа технологияларды» қолдану арқылы оқу сабақтарына интерактивтілікті қоса отырып ұсынылуы мүмкін:

- бейне эссе дайындау (қысқа деректі фильмдерді еске түсіретін бейне форматы, көбінесе экспоненциалды инфографикамен);

- күрделілігі жоғары деңгейдегі рефераттық технологиялар-реферат-талдау және реферат-шолу (жақын тақырыптағы жұмыстардың мазмұнын дәйекті түрде ұсынуды емес, оларды талдау мен сипаттауды қамтиды);

- жобалау қызметінің технологиялары (іздіктеу, зерттеу, сондай-ақ практикалық міндеттерді шешуге бағытталған қызмет);

- тесттік бақылау (білімі мен дағдыларын тестілік бақылау және тексеру процесін автоматтандыру)

- кейс-технологиялар (нақты және ойдан шығарылған әртүрлі жағдайларға негізделген қысқа мерзімді оқытуға арналған интерактивті технологияның бір түрі) [16;1275].

ЖОО-да математикалық пәндерді оқытуда жиі қолданылып жүрген өзіндік жұмыстың түрлері: тестілік бақылау және жобалау әдісіне тоқталып кетейік. Білімгерлердің білімі мен дағдыларының сапасын тексеруде тестілік бақылау сәтті қолданылады және үнемі жетілдіріліп отырады. Тесттік

бақылау дәстүрлі бақылау әдістеріне қарағанда бірқатар объективті артықшылықтарға ие, яғни:

- оқу уақытын үнемдеу, бір уақытта көптеген білімгерлердің тапсырмаларын және нәтижелерін бағалауға болады;

- оқытушының білімгерлерге субъективті қатынасының болмауы;

- тестік бақылау оқу материалын меңгеру мен деңгейін дәл диагностикалайды, жеке білімгердің де, жалпы топтың да нақты тақырыптар мен бөлімдер бойынша біліміндегі олқылықтарды анықтауға мүмкіндік береді;

- бір немесе әртүрлі бағдарламалар бойынша оқитын оқушылардың әртүрлі топтарының тестілеу нәтижелерін салыстырмалы бағалауға болады.

Тесттік бақылау оқыту процесіне енгізілген, білімді, іскерлікті және дағдыларды бағалаудың рейтингтік жүйесін қолдануда өте тиімді. Біз рейтингті әр білімгердің оқу жетістіктерін бағалаудың жеке жинақтаушы жүйесі ретінде түсінеміз, оның нәтижелері бойынша қорытынды бақылау жүргізіледі. Рейтингтік жүйе аясында бақылаудың көптеген түрлері ағымдағы, аралық, қорытынды және т. б., оңай жүзеге асырылады. Сонымен қатар, тест-рейтинг жүйесін ұйымдастыру дәстүрлі емтиханға немесе сынаққа кететін уақытты үнемдеуге көмектеседі.

Сонымен қатар, жобалау әдісі білімгердің шығармашылық, ғылыми-зерттеу және әдістемелік жұмыстарға қатысуымен жалғасады. Білімгерлерді мұндай жұмысқа тарту бірінші курстан, дәлірек айтсақ, ЖОО-да оқытудың 1-ші семестрінен басталуы керек. Бастапқы кезеңде бұл дәріс, практикалық сабақтар, зертханалық жұмыстар, әдістемелік құралдар үшін дидактикалық материалды дайындау болуы мүмкін.

Сондай-ақ, бұл кәсіби бағыттағы тапсырмалардың белгілі бір түрін іздеу және құрастыру болуы мүмкін. Білімгерлердің өзіндік жұмысын ұйымдастыруда рейтингтік жүйеге енгізілген рефераттар мен баяндамалар жазумен қатар, белгілі бір тақырып бойынша оқу видео-материалдар, презентациялар және жобаларды жасау сияқты шығармашылық-зерттеу жұмыстарын енгізуге болады. Жұмыстың бұл түрі білімгерлерден белгілі бір табандылық пен шығармашылық көзқарасты талап етеді, себебі танымдық және қызықты видео-материалдар үшін жеткілікті ақпарат көздерін (оқулықтар, оқулықтар, ғылыми журналдар, түрлі тақырыптық сайттар және т.б.) талдап, зерттелген материалды логикалық түрде құру қажеттілігі туындайды. Мұндай өзіндік жұмыс рейтингтік жүйеде бағалануы керек. Сонымен қатар, білімгерлерде балама жұмыстар болуы керек-эссе жазу немесе шығармашылық ғылыми жұмыс, олар жоғары баллмен бағаланады. Оқытушы осындай жұмысқа өз қалауынша бір білімгерді де, бірнеше адамнан тұратын топты да тарта аласыз.

Сондықтан, біз өздігінен білім алу үшін білімгердің ақпараттық және зерттеу қызметінің негіздерін меңгеруі қажет деген қорытындыға келдік. Ақпараттық қызметтің негіздерін меңгеру, зерттеушіліктен өзгеше, қажетті, бірақ қазіргі әлемде өздігінен білім алу үшін жеткілікті емес шарт болып табылады. Ұсынылған тұжырымды негіздеуге тырысайық.

Жеке тұлғаның белгілі бір қызметке белсенді қатысуы оның осы қызметке дайындығымен айтарлықтай шамада айқындалады, демек, кез келген қызметтің тиімділігі, оның ішінде өзін-өзі жетілдіру, көбінесе адамның оған қаншалықты дайындалғанына байланысты. Олай болса, білімгерлердің, ертеңгі мұғалімдердің өздігінен білім алу қызметіне қаншалықты дайын екендігін анықтауды ойластырдық. Ол үшін білімгерлердің ақпараттық (өздігімен білім алудың репродуктивті критерийі) және зерттеу (өздігімен білім алудың өнімді критерийі) қызметіне қандай деңгейдегі дайындығын анықтауға бағытталған зерттеу жүргіздік.

Бұл зерттеу жұмысы 2019-2020 оқу жылы аралығында І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде өткізілді. Жүргізілген сауалнаманың респонденттері, яғни білімгерлерден 60 адам және оқытушылардан 10 адам қатысты.

Зерттеу нәтижесін сараптай келе, төмендегідей біраз мәселелерді айқындадық:

- оқытушылар білімгерлердің өзіндік жұмысын ұйымдастыруға мүдделі және оқытудың бұл түрін тиімді деп бағалайтынын;

- қазіргі уақытта өзіндік жұмыс білімгерлер үшін қызықтырмайтын бір типті тапсырмалар болып табылатындығын;

- білімгерлердің өзіндік жұмыстарды орындауға ынтасын арттыру үшін тапсырмаларды мүмкіндігінше түрлендіре берудің маңыздылығын;

- өзіндік жұмыс негізінен сабақ барысында тақырып жоспарын құру, берілген жоба бойынша баяндау, тапсырмалар бойынша сызбалар жасау және т.б.түрінде пайдаланылатынын;

- өзіндік жұмыстың кәсіби бағыты туралы сұраққа толық жауап болмағанын.

Сол сияқты, 1-кестеде өзіндік жұмыстың ұйымдастырылуын зерттеу үшін білімгерлерге арналған сауалнама көрсетілген.

Кесте 1. Өзіндік жұмыстың ұйымдастырылуын зерттеу үшін білімгерлерге арналған сауалнама


Р/с	Сұрақтар	Жауаптары	% көрсеткіш
1	Жоғары оқу орнында оқу қиын ба ?	a) қиын емес b) қиындау c) өте қиын	a) 30% b) 53% c) 17%
2	Өзіндік жұмыстарды орындауыңыздың нәтижесіне көңіліңіз тола ма?	a) иә b) аздап c) жоқ	a) 31% b) 52% c) 17%
3	Сіз үшін «математиканы оқыту әдістемесі» пәнінен берілетін өзіндік жұмыстың маңызы қандай?	a) теориялық білімді терең түсіну b) практикада алған білімді пайдалана білу c) өздігімен білім алуға ұмтылу	a) 30% b) 51 % c) 19 %
4	Аудиториядан тыс уақытта өзіндік жұмыстарды орындауға не ықпал етеді?	a) практикалық сабаққа дайындалу қажеттігі b) кейбір сұрақтар бойынша білімімді кеңейту c) ой-өрісті кеңейту	a) 32% b) 51% c) 17%
5	Оқу процесіндегі қандай себептер өзіндік жұмысты орындауға бөгет болады?	a) тапсырманың көптігі b) оқытушымен тіл табысу қиындығы c) бақылаудың дұрыс құрылмауы	a) 31% b) 52% c) 17%
6	Сіздің ойыңызша, өзіндік жұмыстың тиімділігін арттыру үшін не істеу керек?	a) тапсырма мақсатының айқын болуы b) уақытты тиімді пайдалану c) өздігімен жұмыс істей білу	a) 30% b) 53% c) 17%
7	Өзіндік жұмысты бақылаудың қандай түрін қалайсыз?	a) автоматтандырылған тексеру b) өзіндік жұмыстың нәтижесін емтиханда тексеру c) пән бойынша бақылаудың барлық түрін қамтитын бақылау жүйесі	a) 31% b) 50% c) 19%
8	Өзіндік жұмыстың қандай түрін ұнатасыз ?	a) оқытушы ұсынған шығармашылық тақырыптар b) оқытушы ұсынған әдістемелік нұсқауға c) оқытушы ұсынған әдебиеттер мен тапсырмалар	a) 30% b) 51% c) 19%
9	Өзіндік жұмысты ұйымдастырудың қандай формасын ұнататасыз?	a) жеке орындайтын өзіндік жұмыс b) өзіндік жұмыстардың топтық формалары c) ұжымдық өзіндік жұмыстар	a) 32% b) 51% c) 17%
10	Өзіндік жұмысты басқарудың қандай формаларын ұнатасыз?	a) оқытушының ауызша нұсқауы b) арнаулы тапсырмалар жинағының болуы c) компьютер арқылы орындауға мүмкіндік беретін оқыту бағдарламасы	a) 30% b) 52% c) 18%

Төмендегі 1-кестеде математикалық пәндер бойынша ұйымдастырылған өзіндік жұмыстың мән мағынасын білімгерлердің түсінуі байланысты жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижесі көрсетілген.

Кесте 2. Өзіндік жұмыстың мән мағынасына байланысты түсінік.

Өлшемдері	Студенттер саны, %	Эксперименттік топ		
		т/д	о/д	жс/д
Математикалық пәндер бойынша ұйымдастырылатын өзіндік жұмыстың мән мағынасын білімгерлердің түсінуі	60	12	30	18
	%	17%	50%	30%
Математикалық пәндер бойынша ұйымдастырылған өзіндік жұмысты бақылау және таңдау	60	9	32	19
	%	16%	53%	31%
Математикалық пәндер бойынша ұйымдастырылатын өзіндік жұмыстың тиімділігін арттыру	60	9	31	20
	%	16%	52%	32%
Барлығы:	100%	17 %	52%	31%

Бұл зерттеу жұмысының диаграммасы 1-суретте берілген.



Сурет 1. Өзіндік жұмыстың мән мағынасының түсінік деңгейі

Зерттеу нәтижелерін салыстырсақ: егер білімгерлердің бастапқы эксперимент кезеңінде эксперименттік топтың төменгі деңгейі 46 % пайызды құраса, онда қалыптастырушы эксперимент кезеңінде бұл көрсеткіш 17 % пайызға дейін төмендеді; ал орта деңгей 28% - дан 52% - ға дейін өсті; жоғары деңгей 26 % пайыздан 31% пайызға дейін көтерілді. Сондықтан, дәріс сабақтары барысында ұйымдастырылатын білімгерлердің өзіндік жұмысы белгілі бір тақырыпты толық игеру үшін қолданылатын тәсілге айналады.

Зерттеу нәтижелерін өңдеу барысында меңгеру деңгейі коэффициентінің формуласын пайдаландық (дұрыс жауаптардың саны тест сұрақтарының санына бөлінеді және меңгеру деңгейінің коэффициенті алынады). Меңгеру деңгейі коэффициентінің максималды мәні 0-ден 1-ге дейін ауытқуы мүмкін. Жүргізілген диагностика нәтижесінде «ақпараттық қызмет негіздері» критерийі бойынша игерудің жоғары деңгейі–31%; орташа–52%; төмен–17% респонденттер көрсеткен.

Дәріс барысында оқытушының шебер ұйымдастырылған іс-әрекетінің арқасында білімгерлер материалды толықтыруға, тақырыпқа байланысты өз түсінігін білдіру үшін, тақырыптық жоспар құруға қатыса алады. Бұл, әрине, білімгердің өзіндік жұмысы, ол сабаққа қызығушылықты арттыратын белсенді тәсілге айналады, сабақта күнделікті өмірден бұрын алған білімдерін, тәжірибелерін және ақпараттық мәліметтерін еске түсіреді.

5В010900 «Математика» мамандығын: 3 курс білімгерлерімен «Координаттар, түрлендірулер және векторлар» тақырыбына арналған «Жүздік бақылау» жүйесімен бағаланатын аудиторияда орындалатын өзіндік жұмыс тапсырмаларының практикалық үлгісі:

I. Бос орынды толтыру сұраулары (Тек жауап жазу талап етіледі. Әрбір бос орындарға 6 ұпайдан, барлығы 30 ұпай)

- $\vec{a}(-2; 3)$ және $\vec{b}(3; -4)$ векторлар арасындағы бұрыштың косинусын тап: _____.
- $|\vec{a}| = 7, |\vec{b}| = 5$ болса, $\vec{a} + \vec{b}$ және $\vec{a} - \vec{b}$ векторларының скаляр көбейтіндісі: _____.
- $y = \underline{\hspace{2cm}}$ мәнінде $\vec{a}(5; 2)$ және $\vec{b}(-4; y)$ векторлары перпендикуляр. $y = \underline{\hspace{2cm}}$ мәнінде коллинеар болады.
- \vec{AB} векторының басы $A(6; 12)$ нүктесі. B нүктесі абциссалар өсінде жататыны белгілі. \vec{AB} векторының абсолют шамасы 13-ке тең болса, B нүктесінің координатасы: _____.
- Қабырғасы 4 см ABCD Ромбыда $\angle B = 120^\circ$ болса, онда $|\vec{AB} + \vec{AD}| = \underline{\hspace{2cm}}$.
 $|\vec{CB} - \vec{CD}| = \underline{\hspace{2cm}}$; $|\vec{AB} - \vec{CB}| = \underline{\hspace{2cm}}$.

II. Тест тапсырмалары (берілген жауаптардың біреуі дұрыс, дұрыс жауаптың әріп белгісін сұрау соңындағы жақша ішіне жазамыз. Әрбір дұрыс жауап 7 ұпайдан, барлығы 35 ұпай):

- \vec{a} және \vec{b} векторларының ұзындықтары мен араларындағы бұрыш берілген: $|\vec{a}| = 3, |\vec{b}| = 2,$
 $\varphi = 60^\circ. \vec{m} = \vec{a} + 6\vec{b}$ векторының ұзындығы: ()
A. $3\sqrt{21}$ B. $\sqrt{189}$ C. 1 D. $\sqrt{21}$ E. $3\sqrt{17}$
- Векторларды бір ғана нүктеден бастап салған кезде олар бір жазықтықта жататын векторлар: ()
A. компланар векторлар B. тең емес векторлар
C. бір жазықтықта жататын векторлар D. скаляр векторлар
- Егер $|a| = 10, |b| = 21$ және $|a + b| = 31$ болса, онда $|a - b|$ ның мәні ()
A. 11 B. 21 C. 10 D. 31
- $\vec{p}(9; -3.5)$ және $\vec{q}(-1; 0)$ векторы берілген. $\vec{m} = 2\vec{p} - 4\vec{q}$ векторын табыңдар. ()

A. $\vec{m}\{22; 7\}$ B. $\vec{m}\{22; -7\}$ C. $\vec{m}\{7; 22\}$ D. $\vec{m}\{-7; 22\}$

5. $\vec{a}(7.5; -3)$ және $\vec{b}(x; 1)$ векторлары коллинеар екені белгілі. x-ті табыңдар.()

A.3 B.5 C.2 D.-2.5

III. Есептеу сұраулары (35 ұпай)

1. $3x-2y+7=0$ және $2x+3y-3=0$ түзулердің арасындағы бұрышты анықтаңдар. (8 ұпай)

2. Егер $|\vec{a}| = |\vec{b}|$ және $\vec{a} \perp \vec{b}$ болса, онда $\vec{a} + 2\vec{b}$ және $2\vec{a} + \vec{b}$ векторларының арасындағы бұрышты тап. (9 ұпай)

3. $\vec{a}, \vec{b}, \vec{c}$ векторлары келесі шарттарды қанағаттандырады $\vec{a} + \vec{b} + \vec{c} = 0$, $|\vec{a}| = 1, \vec{b} = 4, \vec{c} = 5$.

Есептендер: $\vec{b}\vec{c} + \vec{a}\vec{b} + \vec{c}\vec{a}$ (9 ұпай)

4. ABCD – тіктөртбұрышында E нүктесі CD-ның ортасы. $|\vec{AB}| = 6, |\vec{CE}| = 3, |\vec{AD}| = 4$ болса, $\vec{EA} \cdot \vec{EB}$ неге тең? (9 ұпай)

Кесте 3. Өзіндік жұмысты бағалау критерилерінің үлгісі

Бағалау критерийлері	№	Дескриптор	Ұпай
		Білім алушы	
I. Бос орынды толтыру сұраулары (Тек жауап жазу талап етіледі. Әрбір бос орындарға 6 ұпайдан, барлығы 30 ұпай)			
Екі вектордың арасындағы бұрышты анықтайды	1	Екі вектордың арасындағы бұрыштың косинусын табу формуласын дұрыс жазады, мәнін есептейді	6 ұпай
Екі вектордың скалярлық көбейтіндісін анықтайды	2	Скаляр көбейтіндіні дұрыс есептейді	6 ұпай
Екі вектордың перпендикулярлық, коллинеарлық қасиетін біледі	3	Векторлар перпендикуляр болатындай у-тің мәнін анықтайды	3 ұпай
		Векторлар коллинеар болатындай у-тің мәнін анықтайды	3 ұпай
Екі нүктенің арақашықтығы, вектордың ұзындығын табады	4	B нүктесінің координатасын анықтайды	6 ұпай
Ромб қабырғасы бойынша векторлардың ұзындығын табады	5	$ \vec{AB} + \vec{AD} $ анықтайды	2 ұпай
		$ \vec{CB} - \vec{CD} $ анықтайды	2 ұпай
		$ \vec{AB} - \vec{CB} $ анықтайды	2 ұпай
II. Тест тапсырмалары (берілген жауаптардың біреуі дұрыс, жұрыс жауаптың әріп белгісін сұрау соңындағы жақша ішіне жазамыз. Әрбір дұрыс жауап 3 ұпайдан, барлығы 35 ұпай)			
Векторлардың қосындысын анықтайды	1	Дұрыс жауапты табады	7 ұпай
Векторды санға көбейтіп, айырмасын есептейді	2	Дұрыс жауапты табады	7 ұпай
Векторлардың коллинеарлығын анықтайды	3	Дұрыс жауапты табады	7 ұпай
Бірлік векторларды қолданады	4	Дұрыс жауапты табады	7 ұпай
Вектордың скаляр көбейтіндісін анықтайды	5	Дұрыс жауапты табады	7 ұпай
III. Есептеу сұраулары (35 ұпай)			
Түзулердің арасындағы бұрышты анықтайды	1	$3x-2y+7=0$ түзуін у-ті x арқылы өрнектейді	2 ұпай
		$2x+3y-3=0$ түзуін у – ті x арқылы өрнектейді	2 ұпай
		k бұрыштық коэффициенттерін анықтайды	2 ұпай
		$k_1 k_2 = -1$ қасиетін қолданады	1 ұпай
		бұрышты анықтайды	1 ұпай
Векторлардың арасындағы бұрышты анықтайды	2	Екі вектордың скаляр көбейтіндісінің формуласын қолданады	1 ұпай
		Қысқаша көбейту формуласын қолданады	1 ұпай
		Векторлардың теңдігін қолданады	1 ұпай
		Векторды аекторға қосады	1 ұпай

		Пифагор теоремасын ұзындығын есептейді	1 ұнай
		Вектордың перпендикулярлық қасиетін қолданады	2 ұнай
		Векторлардың арасындағы бұрышты анықтайды	2 ұнай
Векторларды қосуды орындайды	3	\vec{bc} векторларының скаляр көбейтіндісін есептейді	1 ұнай
		\vec{ab} векторларының скаляр көбейтіндісін есептейді	1 ұнай
		\vec{ca} векторларының скаляр көбейтіндісін есептейді	1 ұнай
		Косинустар теоремасын қолданып \vec{bc} векторларының арасындағы бұрышты анықтайды	1 ұнай
		Косинустар теоремасын қолданып \vec{ab} векторларының арасындағы бұрышты анықтайды	1 ұнай
		Косинустар теоремасын қолданып \vec{ca} векторларының арасындағы бұрышты анықтайды	2 ұнай
		$\vec{bc} + \vec{ab} + \vec{ca}$ есептейді	2 ұнай
Векторлардың скаляр көбейтіндісін анықтайды	4	Тіктөртбұрыштың сызбасын сызады	1 ұнай
		Векторларды дұрыс кескіндейді	1 ұнай
		$\vec{EA} \cdot \vec{EB}$ векторларының скаляр көбейтіндісінің формуласын жазады	1 ұнай
		\vec{EA} векторының ұзындығын анықтайды	1 ұнай
		\vec{EB} векторының ұзындығын анықтайды	1 ұнай
		Бұрыштың косинусын, синусын анықтайды	2 ұнай
		$\vec{EA} \cdot \vec{EB}$ есептейді	2 ұнай

Семинар сабақтарында математикалық пәндерден ұйымдастырылатын өзіндік жұмыс теориялық материалды тереңдетуге арналған білімгерлердің аудиториядан тыс жұмыстарының бірі болғандықтан және онда тапсырмалар алдын ала орындалатын болғандықтан, ол өзіндік жұмыс түріне айналады. Осы өзіндік жұмыстың қорытындысын шығару қабылдау, семинар сабағы арқылы жүзеге асырылады.

Өзіндік жұмыстың бұл түрі аудиториядан тыс жұмыстарға жатады, онда білімгердің белсенділік, өзіндік шешім, өзіндік ойлауы басым болады, ізденіс белсенділігі артады. Өзіндік жұмыс білімгердің қабілеті мен дағдыларын дамытады, себебі олар құндылықтар мен қатынастарды қоса алғанда, біртұтас қалыптасуға ықпал ету үшін зерттелетін мазмұндағы нақты тапсырмаларды орындау шеңберінен шығады. Өзіндік жұмыс оқытушының оқыту процесіндегі рөлін төмендетпейді, керісінше, өйткені ол өзін осы процестің жетекшісі ретінде көрсетеді. Өзіндік жұмыстың тағы бір түрі тест, оның маңызды артықшылықтарының бірі, аз уақытта, яғни қысқа мерзімде білімгердің білім сапасын жинақы түрде ашуға мүмкіндік береді. Тест тапсырмаларын өзіндік жұмыс ретінде ұйымдастыруға қойылатын ереже, талаптарды меңгерген соң ғана пайдаланған дұрыс.

Қорытынды

Әдеби дереккөздерді зерттеу барысында өзіндік жұмыстың маңызды теориялық және әдіснамалық элементтері анықталды. Көптеген авторлар өзіндік жұмысты әр түрлі тарихи сәттердегі әдіс, құрал немесе форма ретінде сипаттайды, ол дегенмен оны жетілдірудің тәжірибесіне негізделген өзінің диалектикалық эволюциясы мен дамуынан өтті және өтуде [17;127].

Алайда, бұл процесті яғни өзіндік жұмысты ұйымдастыруда кемшіліктері бар, қазіргі кездегі білім бағдармаларында, бұл кәсіби маманның дайындығы тәуелді болатын дидактикалық процесс ретінде қарастырылмаған. Дидактикалық процесс ретінде ұйымдастырылған өзіндік жұмыс-бұл практикамен, қоршаған ортамен және жаңа технологияны қолданумен байланысты ескере отырып, білімгердің жеке оқыту моделіне икемді ауысуы арқылы білім қоғамында оқытуға қол жеткізудің балама ұсынысы.

ЖОО-да білім беруді реформалаудың қазіргі жағдайында білімгерлердің өзіндік жұмысы оқу процесін ұйымдастыру нысаны ретінде маңызды рөл атқарады. Мұнда білімгерлердің өзіндік жұмысын ұйымдастырудың тиімділігі тапсырманың мазмұны мен қиындық деңгейі, әдістемелік нұсқаулар, оқу қызметі ресурстарын бүкіл оқу уақыты ішінде ұтымды бөлу маңызды. Өзіндік жұмысты ұйымдастырудағы маңызды рөл оқытушыға тиесілі, ол әр кезеңде орындалатын жұмыстың мақсаттарын түсіндіріп және қойылған міндеттердің орындалуын қадағалап отыруы керек. Өзіндік іс-әрекетпен қамтамасыз етілмеген білім адамның шынайы игілігіне айнала алмайды. Өзіндік жұмыс тәрбиелік мәнге де ие: ол өзіндік дағдылар мен олардың жиынтығы ретінде ғана емес, сонымен қатар қазіргі заманғы жоғары білікті маманның тұлғалық құрылымында маңызды рөл атқаратын мінез-құлық

қасиеттерін қалыптастырады. Осылайша, білім жүйесінде білімгерлердің өзіндік жұмысын ұйымдастырудың дәстүрлі тәсілдері оқулықпен жұмыс немесе конспекттеуді заман талабына сай өзіндік жұмысты ұйымдастырудың инновациялық тәсілдеріне, яғни кейс-тапсырмаларын жинақтау, зерттеу және қолданбалы жобаларды (ғылыми-зерттеу жұмыстарын) орындауға ауыстыру қажет. Білімгерлердің өзіндік жұмысын ұйымдастырудың инновациялық технологиялары сапалы оқу-әдістемелік материалдарды, желінің ақпараттық әлеміне еркін қол жеткізуді талап етеді.

Қорыта келе, жоғарыда келтірілген барлық ақпаратты негізге ала отырып, ЖОО-да білім алу шеңберінде болашақ мұғалімдерді өздігінен білім алуға дайындау процесін ұйымдастырудың тиімді жолдарының бірі өзіндік жұмысты ұйымдастыруда талапқа сай инновациялық тәсілдерді қолдануды жетілдіріп, пәндік білімін тереңдетуді көздеу деп санаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 «Стратегия «Казakhstan - 2050»: новый политический курс состоявшегося государства» // доступа: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1200002050>.
- 2 Смирнова Ж.В., Красикова О.Г. (2018). Современные средства и технологии оценивания результатов обучения // Вестник Мининского университета. №3. С.9-12. <https://doi.org/10.26795/2307-1281-2018-6-3-9>
- 3 Pyashenko L.K., Vaganova O.I., Smirnova Z.V., Prokhorova M.P., Gladkova M.N. (2018). Forming the competence of future engineers in the conditions of context training // International Journal of Mechanical Engineering and Technology. Т. 9. № 4. P. 44-46.
- 4 Прохорова М.П., Ваганова О.И. (2019). Проектирование и реализация образовательного события в профессиональной подготовке будущих менеджеров // Вестник Мининского университета. Т. 7. № 1 (26). С.4.
- 5 Жампеисова К.К., Киясова А., Косшыгулова А.С. (2019). Болашақ мамандардың бейімделімді көшбасшылығын дамытудың әдіснамалық аспектілері // Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Педагогические науки», №2(66), 36. <https://doi.org/10.51889/2020-2.1728-5496.01>
- 6 Winne, P. H. (2015). Self-Regulated Learning. In J. D. Wright (Ed.), International Encyclopedia of the Social & Behavioral Sciences (pp. 535-540). Oxford: Elsevier. <http://dx.doi.org/10.1016/B978-0-08-097086-8.25091-5>
- 7 Brian Henry and Mark London (2008). "Teaching and Learning Mathematics: Translating Research for Secondary School Teachers"(pp. 345-350). Elsevier. https://doi.org/10.48009/1_iis_2006_129-133
- 8 Bulaeva, M.N., Vaganova, O.I., Koldina, M.I., Lapshova, A.V., Khizhnyi, A.V. Preparation of bachelors of professional training using MOODLE (2018). Advances in Intelligent Systems and Computing, 622, P. 406-411. <https://doi.org/10.26795/2307-1281-2019-7-1-2>
- 9 Аронсон Э., Пратканис Э., (2013). Эпоха пропаганды: Механизмы убеждения, повседневное использование и злоупотребление. СПб.: Прайм-Еврознак, -Проект «Психологическая энциклопедия». - С. 142-143.
- 10 Егоров В. В., Скибицкий Э. Г. (2016). Организация и технология научного исследования / - Новосибирск: ОАО «Книжное издательство», С. 426.
Бұл өзгеріс нәтижесінде барлық мамандықтарды оқытуда үштілділік саясатын жүзеге асырумен қатар 70-50-30 принципі сақталынып АКТ пәні ағылшын тілінде оқытыла бастады. Алайда, 1 курс студенттерінің білім деңгейлері әртүрлі болып келеді. Оның үстіне көпшілігі ауылдық жерлерде мектеп бітіріп грантқа түскендер болды. Сондықтан 1 – курс студенттері ағылшын тілінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) пәнін оқып үлгеру үшін мәселелер туындады.

Барлық мамандық үшін АКТ пәнін ағылшын тілінде меңгеру өзекті мәселелердің бірі болды. Университетте АКТ ағылшын тілінде оқыту үдерісі студенттерді цифрлық сауаттылықпен қатар жаңа тілдік кодпен таныстырудың тетігі болды. Нәтижесінде олар өзінің әлемнің әмбебап және коммуникативтік мәдени-спецификалық сипаттамаларымен кәсіби бейнесін қалыптастыруы керек. Жоғарыда жасалған талдаулар зерттеу тақырыбын ЖОО студенттеріне АКТ курсы оқып үйретудің теориясы мен практикасын қоғам сұранысына сай дамытудың қажеттіліктерімен, студенттердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар мен нәтижелердің арасындағы қайшылықтардың болуымен, сондай ақ АКТ күн санап өзгеруімен негізделеді. Зерттеудің мақсаты – ЖОО оқитын студенттерге АКТ пәнінен оқытуда ағылшын-орыс-қазақ терминологиялық сөздігін пайдалану негізінде ақпараттық кәсіби коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру.

Зерттеу мақсатына сүйене отырып, біздің алдымызға мынадай міндеттер қойылады:

1. Оқу-әдістемелік құралдар мен сөздік туындыларын, оның ішінде АКТ саласындағы қолда бар сөздіктерді құру тәсілдерін зерделеу және талдамалық шолу жүргізу;
2. АКТ курсы бойынша оқу сөздіктерін құрудың негізгі кезеңдерін әзірлеу және теориялық негіздеу;
3. АКТ курсы бойынша оқу сөздігінің тұжырымдамалық моделін құру және оны іске асыру;
4. АКТ бойынша оқу сөздіктерін құрастыруға әзірленген теориялық және практикалық тәсілдердің тиімділігін тексеру.

Сөздіктер мен термин сөздерге қатысты зерттеулер АКТ пәнін мамандық саласына байланысты ағылшын тілінде оқыту үдерісінде кәсіби терминдерге басымдық беру қажет екендігі анықталды. Сондықтан ЖОО АКТ пәнін ағылшын тілінде оқытуда кеңінен қолданылатын терминологиялық сөздікке мән берілді. Ғылыми білімнің материалданған компоненттері терминологиялық сөздіктерде жазылады. Дәл осы сөздіктер мен анықтамалықтар ғылыми-техникалық ақпарат саласындағы жұмыстардың негізін құрайды. Ғылыми-техникалық прогрестің маңызды құрамдас бөлігі терминографияның қарқынды дамуы болғандықтан, яғни қазіргі тіл ғылымының өзекті міндеті терминологиялық лексиканы жүйелеу және семантизациялау болып отыр [4]. Студенттердің АКТ пәнін ағылшынша кәсіби деңгейде меңгерту терминологиялық сөздіктер арқылы жүзеге асырылатыны байқалды. Оқу орнының оқу үрдісін және жаңа компьютерлік ақпараттық технологияларды әлеуметтік деңгейде меңгеру үдерісін қарастыра отырып, қазіргі ақпараттық қоғамның оның мүшелеріне қойылатын талаптары, ең алдымен, ақпаратты білуінде екенін атап өткен жөн. Ақпараттық технология – жинақтау, сақтау, өңдеу, іздеу және т.б. құралдары мен әдістерінің жиынтығы [5]. Компьютер бұл процестердің техникалық құралы ретінде әрекет етеді. Компьютердің пайда болуы бұл үміттерді нығайтты, өйткені көптеген лингвистерге компьютерлер тек «тез жұмыс істейтін қосу машиналары» ғана емес, сонымен қатар мәтіндермен жұмысты автоматтандырудың қуатты құралы екендігі әу бастан-ақ түсінікті болды. Мәтіндерді статистикалық өңдеу, әртүрлі сөздік және лексикалық файлдық

топтамармен жұмыс жүргізу сияқты көптеген еңбекті қажет ететін процестерді автоматтандыру мүмкін болды [6]. Оқытуда ақпараттық коммуникациялық технологияны қолданудың мақсаттары:

- ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, коммуникативті дағдыларды дамыту;
- «ақпараттық қоғам» тұлғасын тәрбиелеу;
- студентке игере алатындай оқу материалын беру мүмкіндігі;
- зерттеушілік дағдыларын, оңтайлы шешім қабылдау қабілетін қалыптастыру.

Сонымен, оқушының ақпараттық күзиреттілігі оқу-танымдық іс-әрекетте қажетті білімді алу және жаңарту мақсатында жаңа ақпараттық технологиялардың көмегімен ізденіс нәтижелерін өңдей білу және үздіксіз ақпаратты іздеуге дайындығынан көрінеді.

Ғылыми-техникалық терминологияның қалыптасуына әртүрлі тілдік және тілден тыс факторлар әсер етеді. Әр термин өз дамуында үш сатыдан өтетінін ескерсек, оның белсенді қолданысқа түсіп, қалыптасуы сол саладағы мамандарға тікелей байланысты екенін көреміз. Білім алушыларды болашақ мамандығына бейімдеп оқыту барысында салалық терминдермен таныстыру, оларды күнделікті жұмыс барысында қолдана білуге үйрету - оқу үдерісіндегі басты міндеттердің бірі [7]. Цифрлық лингводидактика - тілді оқыту әдістемесінің қарқынды дамып келе жатқан салаларының бірі. Салыстырмалы түрде қысқа мерзімде ол бір жағынан компьютерлік технологияның дамуымен, екінші жағынан тілді оқыту тұжырымдамасымен тығыз байланысты маңызды жолдан өтті. Дегенмен 2 жылдың өзінде цифрлық құралдар мен ақпараттық коммуникациялық технологиялардың қолданылу аумағы мен технологиялық үдерістің жылдам дамуы сала бойынша терминологияны қажет етеді.

1-курстан басқа да 3, 4 курс студенттеріне "Цифрлық сауаттылық" таңдау курсы аясында АКТ мен цифрландыру бойынша ұғымдық терминологиялық сөздік кеңінен қолданылады. Біз студенттерге "Цифрлық сауаттылық" сабағында сөздікті дұрыс қолдану үшін Қ.Бектаевтің «Үлкен қазақша-орысша, орысша - қазақша сөздік» кітабындағы аударма кезіндегі сөздікті қолдану схемасын қолдануды басшылыққа алуды ескерттік [8].

Болашақ мұғалімдердің кәсіби дайындығын арттыру, олардың ақпараттық тұжырымдамалық және терминологиялық мәдениетін арттыру құралы ретінде қызмет ететін сөздік құралдары оқу үдерісінде терминдерді анықтау, ұғымдардың маңызды сипаттамаларын анықтау, олардың арасында логикалық байланыс орнату және т.б. үшін қолданылады. Педагогтің кәсіби стандартының әдістемелік бөлімінде

- білім үдерісін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асыратын іскерлік пен дағдылары:
- өз бетімен кәсіби дамудың траекториясына сәйкес біліктілігін жетілдіреді;
- өз бетімен есеп беру құжаттарын талдайды және рәсімдейді;
- өз бетімен жалпы педагогикалық деңгейдегі АКТ құзыреттілігін меңгерген (оқыту және ойын бағдарламаларды, веб-ресурстарды, дағдыларды қалыптастыратын тренажерлерді әзірлейді, компьютерлік сынып жағдайында жұмысты ұйымдастырады немесе АКТ құралдарын пайдаланады, АКТ-ны білім нәтижесіне жету, бағалау шараларын өткізу үшін қолданады [9]. Демек, информатика мұғалімдеріне АКТ құзыреттілігін қалыптастыруда да пәндік ұғымдық терминологиялық сөздік қажет болады. АКТ пәнінен әрбір дәріс пен зертханалық сабақта кездесетін жаңа сөздер үшін төмендегідей үш тілдегі электрондық сөздік ұсынылды (1 кесте).

Кесте 1. Үш тілдегі сөздіктің түпнұсқасы

Қазақша	Орысша	Ағылшынша
<i>Асинхронды оқыту - нақты уақыт режимінде оқытушының оқушылармен өзара әрекеттесуін болжамайтын электрондық оқыту. Асинхронды оқыту кезінде студент курстан өтіп, материалды ыңғайлы уақытта және қарқынмен оқи алады. Электрондық оқыту жүйесінде асинхронды электрон-дық оқыту жүзеге асырылады, мысалы, оқытуды басқару жүйесінің көмегімен дәрістер, тестілеу түрінде және т. б.</i>	<i>Асинхронное обучение – электронное обучение, которое не предполагает взаимодействие преподавателя с обучаемыми в режиме реального времени. При асинхронном обучении учащийся может проходить курс и изучать материал в удобное ему время и комфортном темпе. В системе электронного обучения асинх-ронное электронное обучение реализуется, например, с помощью системы управления обучением в виде лек-ций, видео лекций, тестирования и т. д.</i>	<i>Asynchronous learning is e-learning that does not involve the interaction of the teacher with the trainees in real time. With asynchronous learning, a student can take a course and study the material at a convenient time and at a comfortable pace. Asynchronous e-learning is implemented in the e-learning system, for example, with the help of a learning management system in the form of lectures, video lectures, testing, etc.</i>

Т.В. Морозова бойынша мұғалімдер мен студенттердің педагогикалық қызметке кәсіби дайындығы келесі компоненттерден тұратынын көрсетеді:

1. Оқытылатын ғылым саласындағы дайындық (оқытылатын пән ғылымының теориялық негіздерін білу; оқытылатын пәннің ғылым әдістерін білу; ғылымның даму тарихын және оның қазіргі жетістіктерін білу);

2. Әдістемелік дайындық (оқушылардың оқу пәні бойынша білім мазмұнын білу; оқушыларды оқу пәніне оқытудың әдістері мен тәсілдерін білу және практикалық меңгеру; оқушыларды оқу пәніне оқытуды ұйымдастыру нысандарын білу; оқушыларды оқу пәніне оқыту құралдарын білу [10].

АКТ курсы мен информатикаға қатысты пәндер бойынша терминологиялық сөздіктерді мақсатты және жүйелі қолдану (информатиканы оқыту әдістемесі) болашақ мұғалімдердің кәсіби дайындығының әдістемелік құрамдас бөлігі болып табылады.

Пән мен тілге кіріктіре оқытқан жағдайда тіл сала бойынша оқушыға қызық және қол жетімді тақырыптардың көмегімен үдете оқытылады. Оқытудың қауіпсіз ортасы құрылады, онда қарым-қатынас пен өзара оқыту іске асады. Шет тілі пән білімін берудің құралы болып қызмет етеді; курста шет тілі білімін білумен қатар пән білімін білуі жатады, ол пән мұғалімдері мен шет тіл мұғалімдерінің белсенді өзара қатынасын түспалдайды [11].

Пәнді оқытуды жетілдіруде ұғымдық терминологиялық сөздікті қолданудың әдістері мен формалары Тимофеева Н.М., Киселева О.М. еңбектерінде көрініс табады [12-13].

1. Жаңа тұжырымдаманың қасиеттерін анықтау, тиісті терминді енгізу, жаңа тұжырымдаманың анықтамасын тұжырымдау және оны игеру қажеттілігінен тұратын оқу мәселесін тұжырымдау (мотивация кезеңі).

2. Тұжырымдаманың анықтамасын құруға болатын маңызды қасиеттерді ашу (анықтаманы енгізуге дайындық кезеңі).

3. Зерттелетін ұғымның анықтамасын тұжырымдау (анықтаманы енгізу кезеңі).

4. Жалпы (анықтайтын) ұғымды, түр айырмашылықтары мен олардың арасындағы логикалық байланыс түрін анықтаудан ажырату (анықтама құрылымын логикалық-ақпараттық талдау кезеңі).

5. Қарастырылып отырған объектіні объектілердің белгілі бір класына жатқызу мүмкіндігін анықтау, оны тиісті терминмен белгілеу (тұжырымдаманы енгізу кезеңі).

6. Зерттелген ұғымдарды олардың арасындағы қатынастар мен анықтамалар негізінде жүйелеу (бұрын зерттелгендермен байланыс орнату кезеңі).

7. Оның қасиеттерін біріктіру негізінде зерттелетін тұжырымдаманың анықтамаларын алу (балама анықтамаларды тұжырымдау кезеңі).

8. Студенттердің ұғымды меңгерудегі қателіктерді анықтау және жою (ұғымды меңгеруді бақылау және бағалау кезеңі).

Жоғарыда сипатталған ұғымдарды зерттеу әдістемесі негізінде АКТ пәнінен ұғымдық терминологиялық сөздіктерді қолданудың әдістері мен формалары зерделенді.

АКТ пәнінен ұғымдық терминологиялық сөздіктерді қолдану

1. Дәріс конспектілерін құрастыру кезінде, семинарлық және практикалық сабақтарға, сынақтарға және т. б. дайындық кезінде терминдерді анықтау үшін сөздікті тікелей қолдану.

2. Білім алушылардың дербес таңдалған дереккөздерді пайдалана отырып, АКТ пәнінің тақырыбы бойынша ұғымдардың глоссарийін жасауы.

3. Стилистикалық күрделі АКТ өткен сабақ бойынша оқу құралдарының мәтіндерінен (немесе басқа көздерден) ұғымдардың маңызды сипаттамаларын анықтау.

4. Қарастырып отырған сөзге логикалық дәлелі бар болуы.

5. Олардың арасындағы жан-жақты басқа да логикалық байланыстарды құру үшін сала бойынша ұғымдардың классификациясын құру.

6. АКТ пәні ұғымдарынан тұратын дайын схемаларды талдау, ұқсас схемалардың негізгі элементтері арасындағы қатынастарды анықтау.

7. Практикалық сабақтар-презентациялар өткізу – оқытушы ұсынған тұжырымдамаға сәйкес таңдалған ақпараттың презентациясын жасау.

8. Ұсынылған сөздік құралдарды оларға жаңа терминологияны қосу мүмкіндігі мен қажеттілігіне талдау.

Информатиканы оқыту әдістемесі пәні АКТ сабағына әсер ететін маңызды факторлардың бірі болып табылады. Себебі адамның АКТ мен жұмысты үйлестіруді қалай үйренетіні, оның ақпаратты қабылдау мен өңдеу жұмыстарына деген ынтасымен тығыз байланысты. Жүргізілген зерттеулерде АКТ


курстарында қолданылатын оқыту стратегиялары мен әдістері, әрбір іс әрекетті жасаудағы кездесетін ұғымдарды анық білуімен түсінуімен байланысты екендігі байқалады.

Педагогикалық пән бойынша оқу сөздігі - бұл белгілі бір көлемдегі лексикографиялық ақпарат, ол педагогикалық пәннің тілін біріктіреді, анықтайды, жүйелейді және реттейді және осы тілді үйренуге көмектесу үшін арнайы жасалған [10].

Болашақ информатика мұғалімдерін даярлауда ұғымдық терминологиялық сөздікті қолданатын топтар осы мақсатқа жетуге тырысатын мамандықтар үшін пайдалы болуы мүмкін. Төменде зерттеуде қолданылатын әдіс ұсынылған және ол, қатысушылар және таңдалған үлгі, деректерді жинау құралдары, деректерді жинау процедурасы, деректерді талдау, нәтижелер туралы қосымша ақпарат берілген.


Ұғымдық терминологиялық сөздікті қолданудың тиімділігіне арналған эксперименттік жұмыстар жүргізілді. Бастапқы кезеңде Ақпараттық - коммуникациялық технологияларды оқытуда тиісті сөздікті қолданғандағы өзгерісті айқындау мақсатында сауалнама, сұхбат - жүргізілген эксперимент жұмыстың үлгерім сапасының деңгейін салыстырмалы түрде анықтау болды. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды оқытуда үш тілде жасалынған электронды сөздікті қолданғандағы сауалнама нәтижесі 1-суретте көрсетілген.

Экспериментке М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университет және Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік педагогикалық университетінің студенттері қатысты.



Сурет 1. АКТ курсы ағылшын тілінде оқытуға көзқарасын сипаттайтын сауалнама нәтижесі

АКТ басқа пәндерге қолдану ерекшеліктері туралы айтылғанда көпшілігінің ойлары бір-бірімен сәйкес келетіні байқалды. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды ағылшын тілінде оқытудың мақсаты келесі суретте келтірілген (2 сурет).




Сурет 2. Сауалнама нәтижесі

АКТ пәнін қай тілді өткендігін қаласыз? - деген сауалға басым көпшілігі ағылшын тілін таңдады, ондағы себеп әсіресе болашақ мұғалімдер үшін мектепте үштілділіктің енгізілуімен байланыстырды (3 сурет). Ағылшын тілінде АКТ- ны жақсы меңгеруге қандай құралдар керек? – деген сауалға көпшілігі АКТ-ға арналған техникалық құралдар деп, келесілері терминдік сөздіктер қажет екендігін көрсеткен (4 сурет).

АКТ пәнін қай тілде өтілгенін қалайсыз?


33 ответа



Сурет 3. АКТ пәнін қай тілді өткендігін сипаттайтын сауалнама нәтижесі

Ағылшын тілінде оқытуда АКТ -ны жақсы меңгеруге қандай құралдар қажет?

33 ответа



Сурет 4. Қандай құралдар керектігін сипаттайтын сауалнама нәтижесі

Студенттерге АКТ пәнін оқыту негізінде кәсіби дайындауға ықпал ете отырып, өз білімдерін қазіргі заман талабына сай кәсіби қызметте қолдана алатын маман дайындай аламыз.

Зерттеудің негізгі идеясы- АКТ курсы оқытуда ұғымдық терминологиялық сөздікті қолданып оқыту және оның оқу үдерісіне әсерін зерттеу. Сонымен қатар, біз осы зерттеуде 6B01530-Информатика білім беру бағдарламасының студенттеріне – АКТ курсы оқытуда ұғымдық терминологиялық сөздікті қолданған кездегі оқу үлгеріміндегі айырмашылықты анықтауға тырыстық.

А. Брайман, Қ. Бектаев зерттеулеріне ұқсас, бұл зерттеуде статикалық топтық алдын-ала есептеу әдісі енгізілді. Бірінші кезеңде білімгерлермен Google Диск-те <https://forms.gle/r31bGy7z76tyvnjh9> сауалнама алынды. Екінші кезеңде олардың тілдік білімі мен бағдарламалау және математикалық білім көрсеткіштерін анықтау үшін 267 студенттен www.cambridgeenglish.org/test-your-english/for-schools/, https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSdDn_25LsRbFHCZ46Q0HJW453ocFRdNIyd8CyQyz0REuvaktg/viewform?embedded=true тест алынды.

Үшінші кезеңде сандық мәліметтерді жинап студенттердің АКТ тақырыптарын түсінуін бағалау үшін «АКТ-дан үлгерім тесті», олардың АКТ пәнінен алған білімін зерттеу үшін қолданылды. Деректерді жинаудың сапалы құралы ретінде «студенттерді бағалау тесті» қолданылды. АКТ курсы бойынша білім сапасын салыстырмалы түрде анықтауға SPSS бағдарламасы бойынша екі салыстырмалы топ үшін t-тесті қолданылды. Зерттеу деректеріне қатысты дайындаған үлгерім тестінің сенімділігін есептеу үшін SPSS 21.0 бағдарламасын қолдана отырып элементтері талданды. Зерттеу барысында 7 апталық енгізу кезеңінен кейін жиналған мәліметтер талданды. Статистикалық есептеулерге ОҚМПУ және М.Әуезов атындағы ОҚУ-нен 6B01530-Информатика мамандығы студенттері алынды. Студенттердің 157-і эксперименттік топ, 110 студенттен тұратын бақылау тобы болды. Деректер екі топтан бір уақытта және екі рет жиналды. Бастапқы тест алдын-ала (өтініш берілгенге дейін), ал соңғы тест (өтініш берілгеннен кейін) болды.

Бұл жерде: БТ – бақылау тобы, ЭТ– эксперименттік топ, БТс – бақылау тобында эксперименттің соңғы көрсеткіші; БТб – бақылау тобында эксперименттің бастапқы көрсеткіші;

Ұғымдық терминологиялық сөздікті қолданғандағы білім көрсеткіші келесі кестеде көрсетілген (кесте-2). Ұғымдық терминологиялық сөздікті қолданғандағы білім көрсеткіші келесі кестеде көрсетілген (кесте-3).

Кесте 2. Кендал сенімділік аралығы

Топтар	Кендал бойынша	Significance (2-tailed)	99% сенімділік аралығы (2-жақты) ^a	
			төмен	жоғары
БТ студенттер % - БТс	0,738	<0,001	0,332	0,914
БТ студенттер % - ЭТб	0,992	<0,001	0,975	0,998
БТ студенттер % - ЭТс	0,229	0,303	-0,353	0,683
БТс - ЭТб	0,718	0,001	0,292	0,906
БТс - ЭТс	0,290	0,192	-0,294	0,717
ЭТб - ЭТс	0,242	0,273	-0,341	0,691

Кесте 3. Спирманның сенімділік аралығы

Топтар	Спирман	Significance (2-tailed)	99% сенімділік аралығы (2-жақты) ^{a,b}	
			төменгі	жоғары
БТ студенттер % - БТс	0,904	<0,001	0,542	0,983
БТ студенттер % - ЭТб	0,998	<0,001	0,990	1,000
БТ студенттер % - ЭТс	0,312	0,324	-0,509	0,836
БТс - ЭТб	0,897	<0,001	0,516	0,982
БТс - ЭТс	0,396	0,203	-0,434	0,862
ЭТб - ЭТс	0,322	0,308	-0,501	0,839

Жоғарыда келтірілген 2, 3 – кесте - бұл тестілеуге дейінгі орташа баллдар мен бақылау тобындағы АКТ курсы бойынша тестілеуден кейінгі орташа баллдар негізінде алынған мәліметтердің жалпы талдауының көрінісі. АКТ курсы бойынша тестілеу алдындағы эксперименттік топтың орташа баллы, кестеден көрініп тұрғандай, ауытқу аралығы 0,322 ден 0,839 өзгергенін көрсетеді. АКТ курсы бойынша ұғымдық терминологиялық сөздікті қолданғаннан кейін орташа көрсеткіштері алдыңғыдан көрсеткіштерден жоғары болды (кесте-2).

Қорытынды

Эксперименттік жұмыстың нәтижесінде бақылау тобы мен пен эксперименттік топтың нәтижелері талданды. Нәтижесінде эксперименттік топтың білім алушыларының АКТ курсы менгеруде ұғымдық терминологиялық сөздікті қолданғандағы теориялық білімдерінің артқанын көруге болады. Бұл жағдай болашақ информатика мұғалімдерін даярлауда АКТ курсына ұғымдық терминологиялық термин сөздерді қолдануды, мұғалімнің күзреттілігінің артуына әкеледі. Зерттеу жұмысының барысында мәселені шешудің бірден-бір жолы – ЖОО-да информатика бакалаврларын дайындауда АКТ курсы ағылшын тілінде оқытуда ұғымдық терминологиялық сөздікті қолдану деген тұжырымға келдік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы: Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам. <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416>
- 2 Lechman E., Marszk A. *ICT-Driven Economic and Financial Development: Analyses of European Countries*. Academic Press, 2019. — 285 p. — ISBN 978-0-12-813798-7.
- 3 Колесник, А. А. Актуальность владения иностранным языком в современном мире / А. А. Колесник, С. А. Волкова. – Текст: непосредственный // Молодой ученый. – 2017. - № 3 (137). – С. 562-564. URL: <https://moluch.ru/archive/137/38511>
- 4 С.Ә. Ырсалиев, Л.Ш. Қарабасова, Ә.З. Мұхаметжанова, А.Б. Әділ, М.А. Бекова, Е.Б. Нұрланов. 0-64 Үш тілде білім беруді ұйымдастыру: халықаралық тәжірибе және Қазақстанға арналған ұсыныстар / Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде - «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ, Астана, 2017. - 184 б.
- 5 Бидайбеков Е.Б. Білім берудің әртүрлі деңгейлерінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану әдістері. Білім саласындағы инновациялық ақпараттық педагогикалық технологиялар жаңашыл педагогтардың 3-ші форумы. - Шымкент, 2012. - Б. 204-208.
- 6 Боярский К. К. Введение в компьютерную лингвистику. Учебное пособие. – СПб: НИУ ИТМО, 2013. 72 с.
- 7 Әділова А.С., Еркебаева Г.С. Оқу-терминологиялық сөздік жөнінде // Қарағанды университетінің хабаршысы. – 2010. №4. – Б. 56-62.

8 Бектаев Қ. Большой казахско-русский и русско-казахский словарь» Казахстанский проект развития государственного языка: 1996. – 697с.

9 «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығына қосымша. «Педагогтің кәсіби стандарты» ПС Педагог_каз.pdf (atameken.kz)» -133 б. Брайман Алан.Әлеуметтік зерттеу әдістері. II том. Алматы, 2016- 456 б.

10 Морозова, М. И. Двужычный терминологический словарь как опора для извлечения информации из текстов по проблемам теории обучения иностранным языкам: французский язык, языковой вуз [Текст]: дис. ... канд. пед. наук / Морозова Мария Ивановна. - М., 2000. - 281 с.

11 Мектептердің оқу үдерісінде CLIL-технологияны қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2018. – 73б.

12 Тимофеева Н.М., Киселева О.М. Моделирование учебных словарей по педагогическим дисциплинам // Общественные науки. 2012. Т. 2. № 6. С. 157-164.

13 Тимофеева Н.М. Проектирование учебных словарей по педагогическим дисциплинам: дисс. канд. пед наук. – Смоленск, 2004. – 215 с.

14 Брайман А. Әлеуметтік зерттеу әдістері [Электронный ресурс]: оқулық / - Алматы: ҚР Жоғарғы оқу орындарының қауымдастығы, 2014. - 35 ,4Мб. - Б. ц.

15 Бектаев Қ. Бқтималдықтар теориясы және математикалық статистика – Алматы: Рауан, 1991.- 432 б.

References:

1 Memleket basshysy Qasym-Zhomart Tokaevtyñ Qazaqstan halqyna Zholdauy: Әдилетті мемлекет. Биртықас ұлт. Бекелі қоғам. <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-qasym-zhomart-tokaevtyñ-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416>.

2 Lechman E., Marszk A. ICT-Driven Economic and Financial Development: Analyses of European Countries. Academic Press, 2019. — 285 p. — ISBN 978-0-12-813798-7.

3 Kolesnik, A. A. Aktual'nost' vladenija inostrannym jazykom v sovremennom mire / A. A. Kolesnik, S. A. Volkova. — Tekst: neposredstvennyj // Molodoj uchenyj. — 2017. — № 3 (137). — S. 562-564. — URL: <https://moluch.ru/archive/137/38511>

4 S.Ә. Yrsaliev, L.Sh. Қарabasova, Ә.Z. Мұхаметжанова, А.В. Әдил, М.А. Bekova, Е.В. Нұрланов. 0-64 Ysh tilde bilim berudi ұжымдастыру: halyқаралық tazhiribe zhәne Qazaqstana арналған ұсынустар / Qazaq, orys zhәne әyylshyn tilderinde - «Ақпараттық-taldau орталығы» АҚ, Astana, 2017. - 184 б.

5 Bidajbekov E.Y. Bilim berudiñ әrtырli deñgejlerinde ақпараттық-kommunikacijalyқ tehnologijalardy қoldanu әdisteri. Bilim salasындағы innovacijalyқ ақпараттық pedagogikalық tehnologijalar zhaңashyl pedagogtardyñ 3-shi forumy. - Shymkent, 2012. - B. 204-208.

6 Bojarskij K. K. Vvedenie v komp'juternuju lingvistiku. Uchebnoe posobie. – SPb: NIU ITMO, 2013. – 72 s.

7 Әdilova A.S., Erkebaeva G.S. Оқу-terminologijalyқ sözdik zhәninde // Qarazandy universitetiniñ habarshysy. – 2010. №4. – B. 56-62.

8 Bektaev Q. Bol'shoj kazahsko-russkij i russko-kazahskij slovar' » Kazahstanskij proekt razvitija gosudarstvennogo jazyka: 1996. – 697s.

9 «Atameken» Қазақстан Respublikasy Ұлттық кәсіпкерлер palatasynың Basқарma төрағасының 2017 zhылғы 8 mausymdaғы № 133 бұйрығына қосымша. «Pedagogtiñ kәsibi standarty» PS Pedagog_каз.pdf (atameken.kz) » -133 б. Brajman Alan.Әлеуметтік zertteу әdisteri. II tom. Almaty, 2016- 456 б.

10 Morozova, M. I. Dvujazychnyj terminologicheskij slovar' kak opora dlja izvlechenija informacii iz tekstov po problemam teorii obuchenija inostrannym jazykam: francuzskij jazyk, jazykovoј vuz [Tekst]: dis. ... kand. ped. nauk / Morozova Marija Ivanovna. - M., 2000. - 281 s.

11 Mektepterdiñ оқу үderisinde CLIL-tehnologijany қoldanu boјynsha әdistemelik ұсынymdar. Әdistemelik ұсынymdar. – Astana: Y. Altynsarin atyndaғы Ұлттық bilim akademijasy, 2018. – 73b.

12 Timofeeva N.M., Kiseleva O.M. Modelirovanie uchebnyh slovarej po pedagogicheskim disciplinam // Obshhestvennye nauki. 2012. T. 2. № 6. S. 157-164.

13 Timofeeva N.M. Proektirovanie uchebnyh slovarej po pedagogicheskim disciplinam: diss. kand. ped nauk. – Smolensk, 2004. – 215 s.

14 Braiman A. Аleymettik zertteу әdisteri [Elektronny resyrs]: oqыlyq / - Almaty: QR Joғarғы oqы oрыndarynyñ қауымдастығы, 2014. - 35, 4mb. - B. s.

15 Bektaev Q. Yқtimaldықтар teorijasy zhәne matematikalық statistika – Almaty: Rauan, 1991.- 432 б.

Д.Н. Исабаева¹, Г.А. Абдулкаримова^{1*}, А. Сейтова¹

¹Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан
*e-mail: abdulka@mail.ru

BYOD ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ОҚЫТУДЫ ЦИФРЛЫҚ ТҮРЛЕНДІРУГЕ ДАЙЫНДЫҒЫН АРТТЫРУ

Аңдатпа

«Өз құрылғыңды ала кел» (BYOD) – оқу үдерісінде қолданылатын тиімді технологиялардың бірі. Мақалада, Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде BYOD технологиясының дамуының талқыланады. BYOD-технологиясы оқу процесінің жағдайында ұсынған мүмкіндіктерді жеңілдетеді және оқу процесінің тиімділігін арттыруға көмектеседі.

Мақалада, BYOD технологиясының оқу үдерісінде қолданылуына қатысты бірнеше мәселелер талқыланады. Біріншіден осы технологияның деректердің қауіпсіздігі мен күрделілігіне қатысты мәселелер айтылады. Студенттер мен оқытушылардың құрылғыларын пайдалануы барысында деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету керектігіне көңіл аударылуы қажеттігіне ескертіледі. Екіншіден, BYOD технологиясын қолдануға қол жетімділікті арттыру мәселесі қойылады. Студенттер мен оқытушылар BYOD технологиясын оқу процесінде де қолдануы келтірілген. Үшіншіден, BYOD технологиясын қолдануға қатысты практикалық ұсыныстар беріледі.

Түйін сөздер: BYOD, цифровая трансформация, білім беруді цифрландыру, оқу процесі, электронды емтихан, цифрлық құрылғылар.

Аннотация

Д.Н. Исабаева¹, Г.А. Абдулкаримова^{1*}, А. Сейтова¹

¹Казахский Национальный педагогический университет имени Абая, г.Алматы, Казахстан

ПОВЫШЕНИЕ ГОТОВНОСТИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ К ЦИФРОВОЙ ТРАНСФОРМАЦИИ ПУТЕМ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ BYOD

В настоящее время BYOD (Bring Your Own Device – «принеси свое устройство») является актуальной технологией в образовании. Статья посвящена рассмотрению состояния BYOD-технологий и их перспективам использования. В работе анализируются различные подходы к успешному внедрению технологий BYOD в высшем образовании, а также рассматриваются вопросы практического внедрения в образовательный процесс. Объектом исследования выбран Казахский национальный педагогический университет имени Абая – крупнейший педагогический вуз Казахстана.

В работе проанализировано развитие технологии BYOD, изучены различные подходы использования и обобщен уже имеющийся у авторов опыт работы. В результате исследования выявлены преимущества использования технологии BYOD в образовательном процессе. Среди которых, повышение мобильности и гибкости в обучении. В то же время, существуют проблемы с безопасностью данных и сложностью в организации обучения с использованием различных устройств. В заключение, авторы предлагают рекомендации по использованию BYOD-технологий в образовательном процессе вуза.

Ключевые слова: BYOD, цифровая трансформация, цифровизация образования, учебный процесс, экзамен, цифровые устройства.

Abstract

INCREASING FUTURE TEACHERS' READINESS FOR DIGITAL TRANSFORMATION THROUGH THE USE OF BYOD APPROACHES

Issabayeva D.N.¹, Abdulkarimova G.A.¹, Seytova A.¹

¹Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

BYOD (Bring Your Own Device) is currently a hot technology in education. The article is devoted to the consideration of the state of BYOD technologies and their prospects for use. The paper analyzes various approaches to the successful implementation of BYOD technologies in higher education, and also discusses the issues of practical implementation in the educational process. The object of the study was the Abai Kazakh National Pedagogical University - the largest pedagogical university in Kazakhstan.

The paper analyzes the development of BYOD technology, studies various approaches to use, and summarizes the work experience already available to the authors. As a result of the study, the advantages of using BYOD technology in the educational process were revealed. Among them - increasing mobility and flexibility in learning. At the same time, there are problems with data security and complexity in organizing training using various devices. In conclusion, the authors offer recommendations on the use of BYOD technologies in the educational process of the university.

Keywords: BYOD, цифровая трансформация, digitalization of education, educational process, e-exam, digital devices.

Кіріспе

Қазіргі таңда заманауи білім беру үдерісі цифрлық дәуірді бастан кешіруде. Оқытуды цифрлық құрылғыларсыз елестету мүмкін емес жағдайға айналды. Цифрлық құрылғылар нарығы қазіргі қоғамның ең перспективалы және қарқынды дамып келе жатқан бағыттарының бірі болып табылады, ол әртүрлі қызмет салаларына арналған технологиялар мен қызметтерді дамыту және қолдану үшін үлкен мүмкіндіктер береді. Қазіргі жағдай заманауи оқытушыдан цифрлық құрылғылардың мүмкіндіктерін барынша тиімді оқыту процесіне қолдану жолдарын табуды талап етеді. BYOD технологиясы осындай мәселелерді шешуге арналған ең танымалдардың бірі деп атауға болады.

BYOD технологиясын алғаш рет 2005 жылы Стэнфорд түлегі доктор (Rafael Ballagas) Рафаэль Баллагас қолданған, бұл термин «Өз құрылғыңызды әкеліңіз» деп аударылады және цифрлық құрылғыларды ресми ұйымдарда пайдалану мүмкіндігін білдіреді. BYOD технологиясы алғаш рет іскерлік ортада пайда болды, кейіннен корпоративтік АТ саясаты ретінде алғаш рет 2009 жылы Intel корпорациясында қызметкерлері жұмыс процесінде өздерінің мобильді құрылғыларын пайдалануы жұмыстың өнімділігін арттыруға мүмкіндік беруіне байланысты, бұл технологияның қолданыста тиімді екенін көрсететін бірден-бір мысал болды. Бұл туралы бірқатар еңбектерде BYOD енгізудің артықшылығы қызметкерлер жұмысының өнімділігін арттыру, жұмыс ортасының жайлылығын арттыру, сондай-ақ инновациялық белсенділіктің жоғары дәрежесі болып табылатындығы көрсетілген.

Қазіргі уақытта BYOD тенденциялары білім беру ұйымдарына да кеңінен ене бастады. Айта кету керек, оқу процесінде жеке құрылғыларды пайдалану тәжірибесі бизнес-қауымдастықтағыдай тез таралмайды, бірақ соған қарамастан, BYOD технологиясының жоғары білім беру жүйесіне енуімен байланысты өзгерістер енгізу қажет болды [1, 2]. Осыған орай Фридман Р.С., Дик Ф.П. (Friedman R.S., Deek F.P.) білімнің технологиядан қалыспайтынын, сондай ақ цифрлық технологиялар дәуірі оқу үдерісіне жаңа тәсілдер, өзгерістер әкелетінін баса айтады [3]. Білім министрліктерінің Cisco Systems компаниясымен бірлесіп жасаған соңғы зерттеулері BYOD білім беруде қолданылатын кең таралған білім беру стратегиясына айналып келе жатқанын көрсетті. 2014 жылдан бастап еуропалық мектептер оқу үдерісіне мобильді құрылғыларды тиімді енгізу үшін BYOD технологиясын енгізудің әртүрлі сценарийлерін әзірлеуде [4].

BYOD технологиясы – смартфондар, ноутбуктер, планшеттер тәрізді құрылғыларды сабақта белсенді қолданылатын технология, бірақ бұл білім беру ұйымы ұсынған құрылғы емес, студенттің өзінің бұрыннан бар әртүрлі телефон, компьютерлер, цифрлық құрылғылар қолдануға негізделген. Қазіргі таңда оқытушылар мен университет әкімшілігі студенттерге өз құрылғыларын қолдануға тыйым салмайды, керісінше мүмкіндік береді және ынталандырады. Смартфондар мен планшеттер іс жүзінде сенсорлық экраны, wi-fi модулі, камерасы, микрофоны, GPS сенсорлары, операциялық жүйелері және әртүрлі қосымшаларды орнату мүмкіндігі бар мобильді дербес компьютерлер болып табылады. Қазіргі заманғы смартфондар мен планшеттердің көпшілігінде осы құрылғылардың көмегімен оқу іс-әрекетін жоспарлауға мүмкіндік беретін функциялардың стандартты жиынтығы бар: фото және бейне жұмыстарды түсіру мүмкіндігі; браузермен жұмыс істеу; сайттарды қарау (әдетте сайттардың мобильді нұсқалары); әлеуметтік желілерде байланыс орнатуға арналған қосымшалар; орынды анықтауға мүмкіндік беретін карталар және т.б. Сондықтан BYOD технологиясы білім алушының жеке оқу ортасын өзгертуде. Дәстүрлі оқыту ортасы әлеуметтік желілер мен ашық білім беру ресурстары арқылы кеңейіп, аудиториядағы күндізгі оқытуды оқу тәжірибесінде сырттай оқумен біріктірудің бірегей мүмкіндігі туындауда. BYOD тенденциясы оқытушылар мен студенттер арасындағы қарым-қатынасты өзгертеді деген қорытындыға келеді, олардың ақпарат пен білім көзі ретіндегі бұрынғы рөлінің орнына оқытушылар желілік ресурстарға қолжетімділікпен студенттердің әкімшісінің жаңа рөліне ие болады деп көрсетеді [5].

BYOD қолдану арқылы болашақ мұғалімдердің цифрлық трансформацияға дайындығын арттыру оқытушыға қазіргі цифрлық әлемде табысқа жету үшін қажетті білім, дағдылар мен құзыреттерді беретін оқу процесі болып табылады. Бұл процесс соңғы технологиялық әзірлемелермен танысуды,

сонымен қатар оқу процесінде BYOD пайдалану бойынша практикалық жаттығуларды қамтиды. BYOD оқытушылар мен студенттерге цифрлық материалдарды, қолданбаларды және интерактивті құралдарды қоса алғанда, оқу мақсаттары үшін заманауи технологияларды жақсырақ пайдалануға көмектеседі.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу үшін әдебиеттерге шолу қолданылды, зерттелетін салаға қатысты мақалаларға мазмұндық талдау жасалды. Мақалаларды іздеу үшін университетте жазылу арқылы қолжетімді Scopus онлайн құралдар жинағы пайдаланылды.

Емтихан сессиясында BYOD пайдалану деректерін талдау және нәтижелерді талқылау үшін TRACK (Mishra & Koehler, 2006) моделі пайдаланылды. Бірінші модель компьютерлік технологияның оқыту мен оқуға қалай әсер ететінін сипаттайтын әдісті ұсынады. TRACK моделі нақты мазмұнды оқыту үшін технологияны тиімді пайдалануды көрсете отырып, педагогика, оқыту мазмұны мен технологияның интеграциясын сипаттайды [7].

Сауалнама студенттің екі факторға негізделген технологияны қолдануын болжау үшін TAM (технологияларды қабылдау үлгісі) пайдаланады: пайдаланудың қарапайымдылығы және пайдалылығы.

Зерттеу нәтижелері

BYOD тенденциясы және педагогика саласындағы инновациялар

Цифрлық дәуір білім беру процесіне жаңа өзгерістер әкеледі. Ұлыбританияның ашық университетінің есебінде білім берудегі жаһандық өзгерістерді тудыруы мүмкін BYOD технологиясының 10 негізгі тенденциялары келтірілген [8]:

1. *Жаппай ашық әлеуметтік оқыту.* Бұл өте жоғары әлеуетті маңыздылығы бар. Желілік оқыту жүйесі адамдарға бір-бірінен үйренуге мүмкіндік береді. Бұл тенденция келесі бірнеше жыл ішінде білім беру жүйемізді өзгертеді деп күтілуде.

2. *Деректерді талдауға негізделген оқыту бағдарламалары.* Онлайн оқыту студенттердің үлгерімі туралы статистикалық мәліметтерді жинауға және талдауға мүмкіндік береді. Бұл деректерді жаңа оқу курстарын құру үшін пайдалануға болады.

3. *"Төңкерілген" сынып моделі (flipped learning)* оқу процесін ұйымдастырудың өзекті моделі болып табылады. Осы модельге сәйкес оқу процесі екі негізгі компонентті біріктіреді: оқытушының әдістемелік ұсыныстарына сәйкес теориялық бөлімді өз бетінше зерттеу және оқытушымен оқытылған материалды аудиторияда одан әрі интерактивті түрде бетпе-бет талқылау. Бұл тәсілдің тиімділігі оқытушымен тікелей қарым-қатынас уақытын маңызды тақырыптық пікірталастар үшін ұтымды пайдалану арқылы түсіндіріледі.

4. *BYOD технологиясы жеке оқу ортасын өзгертеді.* Дәстүрлі оқыту ортасы әлеуметтік желілер мен ашық білім беру ресурстары арқылы кеңейеді. Білім беру практикасында сырттай оқу сабақтарында күндізгі оқытуды біріктірудің бірегей мүмкіндігі артады. Кейбір еңбектерде BYOD тенденциялары оқытушылар мен студенттер арасындағы қарым-қатынас схемасын өзгертеді деген қорытындылар бар. Оқытушылар ақпарат пен білім көзі ретіндегі бұрынғы рөлінің орнына жаңа рөлге ие – желілік ресурстарға қол жеткізе алатын студенттердің әкімшісі рөліне ауыстарады. [6, 8] барлық мүмкін нұсқаларды қамтитын BYOD тұжырымдамасын практикалық іске асырудың 4 моделін анықтады:

Модель 1. Жергілікті құрылғыларды пайдалану үшін көптеген мүмкіндіктер тек бір модельмен шектеледі. Мұндай реттеу оқытушылар үшін пайдалы және оқу процесін ұйымдастыруды жеңілдетуі мүмкін. Таңдалған модель компьютерлік сыныптарда қолданылатын стандартты оқу моделіне ұқсас екенін атап өткен жөн.

Модель 2. Пайдалануға арналған барлық жергілікті құрылғылар алдын-ала белгіленген бірқатар техникалық талаптарға сай болуы керек. Бұл модель бірінші модельге қарағанда икемді.

Модель 3. Пайдалануға арналған өз құрылғыларына орнатылған бағдарламалық жасақтама, қосымшалар және т.б. бойынша бірқатар арнайы талаптар қойылады.

Модель 4. Жеке сымсыз құрылғыларды пайдалану құрылғыға қойылатын жалғыз талап – Интернетке қосылу мүмкіндігін қоспағанда, ешқандай талаптармен шектелмейді. BYOD тұжырымдамасын іске асырудың бұл моделі ең икемді, бірақ оны іс жүзінде жүзеге асыру үшін сымсыз кіру нүктелері көп жоғары жылдамдықты жергілікті желілер қажет.

5. *Мета-оқыту*. Бұл жаңа бағыт, оған сәйкес оқу процесінің ажырамас бөлігі студенттің жеке өсуі болады. Жоғарыда қарастырылған жаңалықтармен салыстырғанда, бұл жаңашылдықтың қазіргі білім беру жүйесіне әсері орташа деп бағаланады, бірақ ол адамның үздіксіз білім беру идеясын сәтті жүзеге асыруда өте маңызды рөл атқарады.

6. *Динамикалық бағалау студенттерді бағалау кезінде фокустың өзгеруін білдіреді*. Бұл тәсілде студенттердің қол жеткізген нәтижелері емес, олардың оқу әлеуеті бағаланады. Бұл тәсілмен білімді бағалайтын оқытушы мен студент арасындағы қарым-қатынас бейтарап болуды тоқтатады: енді оқытушы студентке қиындықтарды жеңуге көмектеседі.

7. *Оқиғалық білім*. Бұл тәсілдің идеясы адамның миының ерекшеліктеріне негізделген ұзақ уақыт бойы көрнекті оқиғаларды есте сақтау және ерекше жағдайларды тез ұмытып кету. Білім беру процесінің тиімділігін арттыру үшін оқу бағдарламасына конференцияларға, көрмелерге және т.б. қатысу енгізіледі.

9. *Шекті білім тұжырымдамасы ұқсастықтарды жүргізуге негізделген*. Бұл тұжырымдама зерттелетін мәселеге жаңа көзқараспен қарауға мүмкіндік береді. Оны білім беру практикасында қолдану оқудың тиімділігін арттыра отырып, студенттер мен оқытушылар арасындағы диалогты қолдауға көмектеседі.

10. *BYOD*. Бұл әдіс әртүрлі материалдарды қолдана отырып, шығармашылық сабақтар өткізуге негізделген. Жас кезінде BYOD технологиясын қолданған балалар ересек жаста шығармашылық қабілеттерін жоғарылатады. Бұл әдіс мектептерде қолдану үшін де қолайлы. [7] қашықтықтан білім беруді ұйымдастырудың бірнеше тәсілдері қарастырылды. Бірінші тәсіл белгілі бір мобильді құрылғыға меншіктелмеген және әртүрлі білім беру платформаларының ерекшеліктерін жеңе алатын әмбебап мобильді оқыту мазмұнын пайдалануға негізделген. Тағы бір тәсіл кросс-платформалық қызметке негізделген. Алайда, инженерлік білім беру жүйесіне BYOD енгізу ерекшеліктері қарастырылмаған.

BYOD тұжырымдамасы және оқыту үдерісі

Оқытушылардың білім беру жүйесі әрқашан жаңашылдыққа ашық. BYOD – технологиялары оқыту мен оқуда жаңа мүмкіндіктер береді. Меншікті құрылғылар санының көбеюімен студенттер арасында оқу орны беретін құрал-жабдықтарды пайдалану деңгейі төмендейді. Сонымен қатар, студенттердің өз құрылғыларын пайдалануына тыйым салуды енгізу олардың болашақ мансабына кері әсерін тигізуі мүмкін, сондай-ақ олардың қазіргі заманғы педагогикалық ортада табысты интеграциялану және кейіннен тиімді жұмыс істеу мүмкіндігіне жағдай жасайды.

BYOD технологиясының таралуы жағдайында оқу процесін басқарудың төрт негізгі тәсілі бар. Бірінші әдіс - оқытушылардың да, студенттердің де өз құрылғыларын пайдалануын қолдау. Бұл тәсіл оқыту әдістемесін, білім беру мекемесінің желісіне қол жеткізу саясатын және т.б. өзгертулерді талап етпейді, педагогикалық ұжымның кейбір өкілдері оқу үдерісін ұйымдастырудағы бұл тәсілді қолдайды, сонымен қатар бұл әдіс мұғалімнің білім беруі үшін де тиімді технология. Мәселен, бүгінгі таңда Интернет электронды кітаптар, блогтар, форумдар және басқа да көптеген веб-ресурстар түріндегі кез келген тақырып бойынша ақпараттың негізгі көзі болып табылатындығы белгілі. Институтта электронды журналдар мен электронды кітапханаларға жазылу болуы мүмкін, олардың көпшілігі студенттерге тегін қызмет көрсетеді. BYOD көмегімен студенттер оларға кез келген жерден оңай қол жеткізе алады. Оқытушылар өз білімдерін аудиторияда немесе одан тыс жерде студенттермен оңай бөлісе алады. Бұл тұжырымдама кез келген түсінік деңгейіндегі студенттер үшін пайдалы. IQ деңгейі жоғары студенттер салыстырмалы түрде қысқа уақыт ішінде қызығушылық танытқан тақырып бойынша білім ала алады. Аудиторияда өз пікірлерін білдіруге тартынатын интроверт студенттер өздерінің оқытушыларына немесе кез келген онлайн форумға электрондық пошта арқылы немесе өз пікірлерін жариялай алады.

Екінші тәсіл оқу процесінде қолданылатын жеке құрылғылардың барлық жиынтығының тұрақты және дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін оқу орнының телекоммуникациялық желісіне өзгерістер енгізуді талап етеді. Бұл жағдайда оқу процесіне қатысатын бағдарламалық қамтамасыз ету барлық мүмкін болатын операциялық жүйелермен қамтамасыз етілуі керек. Оқытушылар өздерінің қалаған BYOD енгізу үлгісін таңдау арқылы рұқсат етілген құрылғылар жинағын басқара алады. Бірақ қалай болғанда да, бұл тәсілмен оқу процесіне өзгерістер енгізу қажет. Сонымен қатар, студенттер оқу бағдарламасын аяқтау үшін қажетті құрылғыны сатып ала алмайтындығына байланысты кейбір қолайсыздықтарға тап болуы мүмкін. Үшінші тәсіл - BYOD идеясынан CYOD идеясына көшу (Өз

құрылғыңызды таңдаңыз). SYOD тұжырымдамасын жүзеге асыру жағдайында студент оқу орны ұсынған алдын ала белгіленген жиынтықтан құрылғыны таңдай алады. Бұл тәсіл өз құрылғысын сатып алуға мүмкіндігі келмеген білім алушылар үшін қолайлы болып саналады. Төртінші тәсіл бұлтты сервистерді оқу процесіне енгізуге негізделген. Осы тәсілмен BYOD енгізуге қатысты барлық техникалық мәселелерді шешу бұлтты басқаруға жүктеледі.

Көптеген оқу орындары өздерінің кампустарында негізінен желіге қол жеткізуді басқару (NAC) арқылы BYOD саясатын жүзеге асырмай-ақ BYOD технологиясын енгізуге рұқсат беруде. Бұл өте қауіпті, өйткені мекемелер өз желілеріне рұқсатсыз кіру, зиянды бағдарлама және студенттік желіге қосылған студенттік құрылғылардан вирустық шабуылдар, деректердің жоғалуы және т.б. сияқты әртүрлі қауіптерге ұшырауы мүмкін. Енді BYOD тәуелсіз тұжырымдамаға айналып келе жатқандықтан, білім беру мекемелері өз желілерінде BYOD пайдалануды шешкенде не істеу керектігін нақты түсінуі керек және өнеркәсіптегі сияқты, білім беру мекемелері үшін де BYOD технологиясын енгізу саясатын енгізу керек. Бұл саясаттарды CISCO және сенуге болатын басқа да нарық көшбасшылары ұсынады [8]. Бұған қоса, білім беру жағдайында BYOD-ға қолдау көрсету бойынша саясаты әзірлеген көптеген білім беру қызметтерінің мысалдары бар. Төменде білім беру мекемесіне BYOD технологиясын енгізу саясатының мысалы ұсынған 1-кесте берілген [9].

Кесте 1. Білім беру мекемелеріне BYOD технологиясын енгізуге арналған саясат

Әрекеттесу түрлері		Әрекет	Ресурс
Ізденіс	1	BYOD шағын зерттеу тобын құру.	Қызығушылық танытатын әріптестер
	2	BYOD дегеніміз не, ол аудиторияда қалай көрінеді және қандай проблемалар бар? Мұны басқа білім беру мекемелері қалай жүзеге асырды? Қандай проблемалар болды? Білім беру мекемелері қандай BYOD моделін қолданады?	Әдебиеттерге шолу Интернетті зерттеу Twitter #nswdecbyod немесе #BYOD немесе #BYOT іздеу
Кеңес беру	3	Құрылғылардың қатынасы/түрі мен саны туралы сауалнама, негізгі мүдделі тараптардың сауалнамасы: Өзіңіздің цифрлық құралыңызды пайдалану немесе қолданыстағы зерттеу құралдарының барлығын немесе бір бөлігін пайдалану; Деректерді түсіндіру; Егер BYOD алға жылжып жатса, келесі қадамдарды нақтылау	Ата-аналар/қамқоршылар/білім алушылар форумы. Қызметкерлер Білім алушылардың ата-аналары / қамқоршылар
	4	Сауалнамаларды талдағаннан кейін білім беру мекемелері қызметкерлерінің жиналысын, ата-аналар жиналысын өткізу	Бүгінгі күннің нәтижелері мен қорытындыларын ұсыну.
Саясатты дамыту	5	BYOD қызығушылық тобын құру	Басшылық, персонал, ата-аналар / қамқоршылар (P&C) және білім алушылар (мысалы, SRC) тарапынан өкілдік ету.
	6	Білім беру мекемелеріне арналған BYOD саясатының жобасын әзірлеу	Әдебиеттерге шолу
	7	Білім беру мекемелері қоғамдастығының тарапынан түсініктеме беру үшін білім беру саясаты жобасын тарату	Кері байланыс нысаны
	8	Саясаттың соңғы нұсқасын жасау	BYOD қызығушылық тобы Кері байланыс формасынан ұсыныстар
	9	BYOD білім беру мекемелері мәліметтерін саясатын білім беру қоғамдастығының назарына жеткізу	BYOD саясаты туралы құжат және ілеспе хат

Аталған саясатты, университеттің оқыту үдерісіне BYOD технологиясын енгізу барысында басшылыққа алдық.

3. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіндегі BYOD тұжырымдамасы

Абай университетімізде BYOD технологиясын енгізу білім алушылардың оқу жетістігін бақылау және бағалау сатысында жүзеге асырылды.

Пандемия кезінде студенттер цифрлық құрылғыларды қолдана отырып, емтихан сессиясын тапсыру үшін тек онлайн форматты қолданды. Тест емтихандары жасанды интеллект негізіндегі прокторинг жүйесімен интеграцияланған әмбебап ақпараттық жүйені пайдалана отырып тапсырылды; жазбаша емтихандар, оның ішінде "ашық" және "жабық" кітап үлгілері бойынша "плагиатқа қарсы" және "Прокторинг" жүйелерімен интеграцияланған "Oqulyq" қашықтықтан оқыту жүйесін пайдалана отырып тапсырылды. Жобалық және практикалық емтихандар MS teams платформасының көмегімен өткізілді [10, 11].

Карантин аяқталғаннан кейін ҚР БҒМ-нің (2022.04.18 № 4-14-2/1549-И) хатына сәйкес ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды офлайн, яғни дәстүрлі күндізгі форматта жүргізу ұсынылды. Онлайн режимнен кейін цифрлық технологиядан офлайн режимге көшу компьютерлік базаның, ескірген жабдықтың болмауына байланысты қиын болды, өйткені компьютерлік сыныптың тұрақты емес жаңаруы, сондай-ақ университетте тұрақты интернет жұмысының болмауы және т.б. мәселелер тұрды.

Сондықтан ЖОО ректорының (05.06.22 № 04-05-/20) бұйрығымен Абай атындағы ҚазҰПУ-да аралық және қорытынды емтихандарын ұйымдастыру кезінде келесі тәсілдерді қолданды:

- білім алушылардың таңдауына сәйкес, BYOD технологиясы, яғни өз цифрлық құрылғыларын емтихан тапсыру құралы ретінде қолдануға мүмкіндік беру;

- студенттердің өз құрылғыларын емтихан үстінде пайдалану кезінде академиялық адалдық принциптерін сақтауды жүзеге асыру, жасанды интеллект негізінде прокторинг және плагиатқа қарсы программаларды қолдану негізінен;

- емтихан рәсімі мен аудиториядағы академиялық адалдық қағидаттарын сақтау үшін прокторларды аудиторияға бекіту;

- студенттерге құрылғысымен емтихан тапсыру кезінде техникалық қиындықтар туындағанда көмек көрсету үшін, техникалық мамандықта оқитын студенттер мен оқытушылар тобынан құрылған "цифрлық еріктілер" жобасын іске асыру;

- цифрлық еріктілер техникалық мәселені шешпеген жағдайда (операциялық жүйеге, смартфонның ескі моделіне байланысты) студент университет жүйесіне жүктелетін "техникалық мәселеге байланысты қайта тапсыруға өтінім" web-сайтын толтыру. Емтихан сессиясының соңында мұндай студенттерге емтиханды қайта тапсыруға мүмкіндік беру. Техникалық мәселе бойынша қайта тапсыруға өтініштер саны 340 студентті құрады (емтихан тапсырған студенттердің жалпы санының 3,6%).

- егер ноутбук немесе смартфон болмаған студенттерге университеттің компьютерлік сыныптарында емтихан тапсыруға мүмкіндік беру.

Осылайша, емтихандарды тапсыру кезінде BYOD технологиясының ерекшеліктері, біріншіден, студент өзі оқыған өз құрылғысын (смартфон, планшет, ноутбук) пайдаланып емтихан тапсыра алуында.

Екіншіден, емтихан тапсырғаннан кейін студент өз құрылғысында емтиханның цифрлық ізін көре алуында, егер оларда сұрақтар туындаса, олар кез-келген уақытта емтихан нәтижесін талдап, апелляциялық шағым бере алуында.


Үшіншіден, студенттер смартфонды оқу құралы ретінде пайдалануға болатынын түсінді. Көбінесе студенттер смартфондарды қосымша ақпарат алу үшін құрылғы ретінде ғана пайдаланады, енді студенттер оларды білім беру мақсатында пайдалануға болатынына көзі жетті.

Мақала авторлары Абай атындағы ҚазҰПУ-дағы BYOD бағытының бірқатар негізгі ерекшеліктеріне эксперименттік зерттеулер жүргізді. Жүргізілген зерттеулердегі нысаналы топқа әртүрлі мамандықтар бойынша бакалавриат бағдарламасы бойынша оқитын педагогикалық бейіндегі студенттер кірді және олар Абай атындағы ҚазҰПУ-да оқитын 9640 респондентті құрады (сурет 1).



Сурет 1. Студенттердің BYOD технологиясын қолдану арқылы емтихан тапсыру процесі

Студенттерге сауалнама жүргізу үшін жауаптардың бірнеше нұсқасын таңдау мүмкіндігі бар сауалнамалар пайдаланылды. Суреттерде мақсатты топ студенттерінің цифрлық құрылғыларды пайдалануға қолжетімділігін анықтау диаграммасы көрсетілген (2-сурет).



Сурет 2. Мақсатты топ студенттерінің цифрлық құрылғыларды пайдалануға қолжетімділік деңгейі

Зерттелетін мақсатты топтағы студенттер арасында смартфондар кеңінен қолданылады, сауалнамаға қатысқан студенттердің 48,3%-ы оқу процесінде смартфондарды пайдаланады; Екінші орында ноутбуктер (38,2%), компьютерлерге 7% басымдық берілген. BYOD тұжырымдамасын оқу процесіне енгізу студенттердің шығындарын арттырады, өйткені автономды мобильді оқыту заманауи құрылғылар мен жоғары жылдамдықты Интернетке қосылуды қажет етеді.


Авторлар жүргізген зерттеулер мынаны көрсетті:

- Респонденттердің 40%-ы өз құрылғылары мен Интернетті пайдалануға толық дайын (бұл зерттеудегі АКТ құрылғылары ноутбук, ДК, Android планшеті және iPad, смартфон және т.б. мобильді құрылғылардан тұрады).

- 30% және 20% сәйкесінше пайдалануға дайын және жартылай дайын, олар пайдаланудың жағымды жақтарын түсінеді;

- сауалнамаға қатысқан студенттердің 50%-дан астамы оқу процесінде өз құрылғыларын пайдалануға байланысты шығындарды қолайлы деп санайды (3-сурет).

Сауалнамаға қатысқан студенттердің 64%-ы емтихан кезінде өз құрылғыларын пайдалану уақытты үнемдейді деп жауап берді; Студенттердің 64%-ы өз құрылғыңызды пайдалану мүмкіндігіңіз болған кезде әлдеқайда оңай екенін айтты; Сауалнамаға қатысқан студенттердің 68%-ы емтихан процесіне BYOD тұжырымдамасын енгізу жан-жақты білім алуға мүмкіндік береді деп есептейді.



Сурет 3. Студенттердің цифрлық құрылғыларын қолдануға дайындық деңгейі

